

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**2–4-СЫНЫПТАРДА БІРІНШІ АРАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана – 2026

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды

2–4-сыныптарда бірінші аралық бағалауды өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2026. – 109 б.

Әдістемелік ұсынымдар 2–4-сыныптарда аралық бағалауды ұйымдастыру және өткізу кезінде педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуге арналған. Құжатта оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес аралық бағалау жұмыстарын жоспарлау, оқу мақсаттарын іріктеу, тапсырмаларды әзірлеу, бағалау критерийлері мен дескрипторларды құрастыру, балл қою және нәтижелерді талдау жолдары қарастырылған.

Құжатта I тоқсандағы алғашқы аралық бағалауды өткізуге арналған тапсырма үлгілері, оларды орындау тәртібі, жауаптар мен балл қою кестелері берілген. Ұсынылған тапсырмалар үлгілік сипатта болады және міндетті бірыңғай нұсқа болып табылмайды. Педагог оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарын, оқу пәнінің ерекшелігін, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, аралық бағалау тапсырмаларын дербес әзірлейді немесе ұсынылған үлгілерді бейімдейді.

Әдістемелік ұсынымдар бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектеп басшыларына, білім бөлімдері мен басқармаларының әдіскерлеріне, сондай-ақ оқу-әдістемелік орталықтардың қызметкерлеріне арналған.

МАЗМҰНЫ

Бөлім атауы	Беті
КІРІСПЕ	4
1-БӨЛІМ. БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ АРАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ	6
2-БӨЛІМ. 2–4-СЫНЫПТАРДА АРАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР	10
2.1 Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2–4-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша аралық бағалау	12
2.2 Оқыту орыс тілінде жүргізілетін 2–4-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша аралық бағалау	33
2.3 2–4-сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша аралық бағалау	47
2.4 2–4-сыныптарға арналған «Математика» оқу пәні бойынша аралық бағалау	71
2.5 3–4-сыныптарға арналған «Шетел тілі» оқу пәні бойынша аралық бағалау	105
ҚОРЫТЫНДЫ	123
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР	124

КІРІСПЕ

2026–2027 оқу жылынан бастап бастауыш білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәртібі енгізілді. Осыған байланысты 2–4-сыныптарда аралық бағалауды оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру, бағалау тапсырмаларын оқу мақсаттарымен байланыстыру және педагогтерге ортақ әдістемелік бағдар ұсыну қажеттілігі туындады.

Аралық бағалау бөлімді немесе мазмұны өзара байланысты бірнеше бөлімді оқып-үйрену аяқталғаннан кейін білім алушының меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдыларының деңгейін анықтауға бағытталады. Оның нәтижелері білім алушының жетістіктері мен оқуындағы қиындықтарды айқындауға, тиімді кері байланыс беруге және кейінгі оқу жұмысын жоспарлауға негіз болады. Сондықтан аралық бағалаудың мазмұны оқу бағдарламасында белгіленген және бағалау кезеңіне дейін меңгерілген оқу мақсаттарымен тікелей байланыста құрылуы қажет.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – 2–4-сыныптарда аралық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу, тапсырмаларды әзірлеу, бағалау критерийлері мен дескрипторларды құрастыру, балл қою және нәтижелерді талдау бойынша педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету.

Әдістемелік ұсынымдар екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде бастауыш білім беру деңгейінде аралық бағалауды ұйымдастырудың нормативтік негіздері берілген. Ағымдағы бақылаудың құрамына кіретін формативтік, аралық және қорытынды бағалаудың орны, аралық бағалауды өткізу мақсаты, оқу пәндері бойынша бағалау нысандары, нәтижелерді тіркеу, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау, дәлелді себептермен бағалауға қатыспаған білім алушылар үшін жеке кесте әзірлеу және жазбаша жұмыстарды сақтау тәртібі түсіндіріледі.

Екінші бөлімде 2–4-сыныптарда аралық бағалауды оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

2.1-бөлімшеде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардағы «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша аралық бағалауды ұйымдастыру қарастырылған. Диктант мәтінін таңдау, оқу мақсаттарын іріктеу, мәтінді жаздыру тәртібі, оқу сауаттылығына арналған тапсырмаларды әзірлеу, бағалау критерийлері мен дескрипторларды құрастыру, жазба жұмыстарын тексеру және қатемен жұмысты ұйымдастыру бойынша түсіндірмелер берілген. Сонымен қатар 2–4-сыныптарға арналған диктанттар мен мәтін бойынша тапсырмалардың үлгілері ұсынылған.

2.2-бөлімшеде оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптардағы «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша аралық бағалаудың ерекшеліктері қамтылған. Тапсырмалар білім алушылардың қазақ тілінде тыңдалған мәтінді түсіну, таныс сөздер мен сөз тіркестерін қолдану, сұрақтарға жауап беру, сөйлем құрастыру және жазылым нормаларын сақтау дағдыларын бағалауға бағытталған. Бағалау материалдарын әзірлеу кезінде қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерудің ерекшеліктерін ескеру жолдары көрсетілген.

2.3-бөлімшеде «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша аралық бағалауды шығарма немесе мазмұндама және оқу сауаттылығына арналған тапсырмалар арқылы ұйымдастыру жолдары ұсынылған. Мазмұндама мен шығармаға мәтін және тақырып таңдау, оқу мақсаттарын іріктеу, жоспар құру, тірек сөздерді пайдалану, жазба жұмысын кезең-кезеңімен орындау және бағалау критерийлерін әзірлеу мәселелері қарастырылған. Ұсынылған тәсілдер білім алушының мәтін мазмұнын түсінуін, негізгі ойды анықтауын, оқиғаларды жүйелі жеткізуін, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауын және өз ойын жазбаша білдіруін анықтауға мүмкіндік береді.

2.4-бөлімшеде «Математика» оқу пәні бойынша бақылау жұмыстарын жоспарлау және өткізу тәртібі берілген. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай орналастыру, математикалық сауаттылыққа бағытталған практикалық жағдаяттарды енгізу, есептеу, модельдеу, есеп шығару, шамалар, геометриялық фигуралар мен заңдылықтарға қатысты дағдыларды бағалау жолдары көрсетілген. Бақылау жұмысын арнайы дәптерде орындау, балл қою, нәтижелерді талдау және қатемен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

2.5-бөлімшеде «Шетел тілі» оқу пәні бойынша аралық бағалауды ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылған. Тапсырмалар тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым және тілдік бірліктерді қолданыс аясында пайдалану дағдыларын бағалауға бағытталған. Бағалау материалдарында білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес визуалды тіректерді, қысқа мәтіндерді, сөйлем үлгілерін және таныс коммуникативтік жағдаяттарды қолдану көзделген.

Құжатта I тоқсандағы алғашқы аралық бағалауды ұйымдастыруға арналған тапсырма үлгілері, бағалау критерийлері, дескрипторлар, жауаптар және балл қою кестелері ұсынылған. Олар педагогке бағалау жұмысын әзірлеудің құрылымы мен логикасын көрсетуге, оқу мақсаты, тапсырма, бағалау критерийі және дескриптор арасындағы байланысты сақтауға бағытталған.

1. БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ АРАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-1-тарау. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу тәртібі

2-1. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау барлық оқу пәндері бойынша формативтік, аралық және қорытынды бағалауды қамтиды.

Формативтік бағалау әрбір сабақта, аралық бағалау оқу материалының белгілі бір көлемін (бөлімді (бөлімдерді)) оқып-үйренгеннен кейін жүргізіледі. Қорытынды бағалау осы Қағидаларда көзделген тәртіппен тоқсан және оқу жылының қорытындысы бойынша жүргізіледі.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

2-2. Формативтік бағалау, оның ішінде үй тапсырмасын бағалау, 2-4-сынып білім алушыларының оқу мақсаттарына қол жеткізуін мониторингтеу және сабақ барысында сараланған жұмысты одан әрі ұйымдастыру мақсатында жүргізіледі және педагогтің білім алушылармен жазбаша және (немесе) ауызша нысандарда кері байланыс беруі арқылы жүзеге асырылады.

2-3. Сабақта формативтік бағалау жүргізу кезінде педагог академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, білім алушылардың санын, бағалау нысандарын, әдістері мен тәсілдерін дербес айқындайды. Бұл ретте білім алушы әрбір оқу пәні бойынша тоқсан ішінде өткізілген сабақтардың жалпы санының кемінде 30 %-ында бағаланады.

2-4. Формативтік бағалау нәтижелерін басып шығару және қағаз түрінде сақтау талап етілмейді.

Формативтік бағалау нәтижелері электрондық (қағаз) журналда балл түрінде тіркеледі.

2-5. Формативтік бағалау 1-ден 10 балға дейінгі шкала бойынша жүзеге асырылады.

Сабақ үшін қойылатын балл білім алушының үй тапсырмасын және сабақ барысында берілген тапсырмаларды орындау нәтижелерін қосу арқылы айқындалады.

Балдар электрондық (қағаз) журналға ағымдағы күн аяқталғаннан кешіктірілмей енгізіледі. Электрондық журналға балдар қою кезінде педагог түсініктемелер енгізе алады.

2-6. Аралық бағалау бөлімді (бөлімдерді) оқып-үйрену аяқталғаннан кейін оқу материалының мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау және тіркеу мақсатында жүргізіледі және оқу пәнінің ерекшелігіне қарай тиісті нысандағы тапсырмаларды орындату арқылы жүзеге асырылады.

2-7. Оқу пәндері бойынша аралық бағалауды өткізу нысандары мен тапсырмалардың түрлері төмендегідей айқындалады:

1) Тілдік оқу пәндері бойынша аралық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі: *тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым* бойынша жүргізіледі. Тыңдалым және айтылым дағдыларын бағалау аралық бағалауды өткізу жоспарланған апта ішінде сабақ барысында жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» (бірінші, екінші тілдер үшін), «Орыс тілі» (бірінші, екінші тілдер үшін) және «Ана тілі» (оқыту ұйғыр, тәжік және өзбек тілдерінде жүргізілетін мектептер үшін) бойынша аралық бағалау диктант және оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмалар түрінде жүргізіледі.

«Шетел тілі» (ағылшын, француз және неміс тілдері) бойынша аралық бағалау ауызша және жазбаша сөйлеуді түсіну, лексиканы қолдану, қарапайым айтылымдар құрастыру, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс жазу дағдыларын бағалауға бағытталған ауызша және жазбаша тапсырмалар түрінде жүргізіледі.

«Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша аралық бағалау шығарма және мазмұндама түрінде жүргізіледі, оларға оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмалар да енгізіледі.

2) «Математика» оқу пәні бойынша аралық бағалау математикалық сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмаларды қамтитын бақылау жұмысы түрінде жүргізіледі;

3) «Жаратылыстану» және «Дүниетану» оқу пәндері бойынша аралық бағалау тоқсанына бір рет жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмаларды қамтитын ауызша, жазбаша, практикалық, зертханалық, жобалық және зерттеу жұмыстары түрінде жүргізіледі;

4) «Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері», «Музыка» және «Дене шынықтыру» оқу пәндері бойынша аралық бағалау тоқсанына бір рет тиісті оқу пәндерінің ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың дағдыларын бағалауға бағытталған тапсырмаларды қамтитын практикалық, шығармашылық, жобалық, зерттеу, спорттық, жеке және командалық жұмыстар түрінде жүргізіледі.

2-8. Аралық бағалауды өткізу кезінде педагог тиісті оқу пәндері бойынша бағалау тапсырмаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес дербес әзірлейді.

2-9. Аралық бағалау нәтижелері электрондық (қағаз) журналда балл түрінде тіркеледі. Бұл ретте аралық бағалау үшін қойылатын ең жоғары балл:

2-сыныптар үшін – 12 балды;

3-сыныптар үшін – 14 балды;

4-сыныптар үшін – 16 балды құрайды.

Балл қою кезінде тапсырмалар шарттарының рәсімделуі есепке алынбайды. Білім алушының тәртібі үшін балл төмендетілмейді.

2-10. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау кезінде педагог сараланған және (немесе) жеке тапсырмаларды, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде әзірлейді.

2-11. Аралық бағалау нәтижелері туралы ақпарат білім алушыларға, олардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне қағаз немесе электрондық форматта ұсынылады.

2-12. Аралық бағалау жүргізілген күні дәлелді себептермен (денсаулық жағдайына, жақын туыстарының қайтыс болуына, барлық деңгейдегі спорттық жарыстарға, конкурстарға, конференцияларға, олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына қатысуына, сондай-ақ қолайсыз метеорологиялық жағдайларға байланысты) болмаған білім алушылар осы Қағидалардың 2-7 тармағында белгіленген талаптарды ескере отырып, арнайы әзірленген тапсырма нұсқалары бойынша жеке кестеге сәйкес аралық бағалаудан өтеді.

Білім алушылар үшін аралық бағалауды өткізудің жеке кестесі білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі.

2-13. Ағымдағы оқу жылындағы аралық бағалауға арналған оқу тапсырмалары бойынша білім алушылардың жазбаша жұмыстары білім беру ұйымында ағымдағы оқу жылы аяқталғанға дейін сақталады.

2-14. Тоқсандық қорытынды бағалау нәтижесі мынадай формулалар бойынша айқындалады:

1) Q – тоқсандық қорытынды бағалаудың пайыздық мәндегі нәтижесі:

$$Q = \frac{F}{2} + \frac{P}{2}$$

мұндағы:

F – тоқсан бойынша формативтік бағалаудың пайыздық мәндегі нәтижесі;

P – тоқсан ішінде жүргізілген аралық бағалаулардың пайыздық мәндегі жиынтық нәтижесі;

2) F – тоқсан бойынша формативтік бағалаудың пайыздық мәндегі:

$$F = \frac{\sum B}{10 \times M} \times 100\%$$

мұндағы:

$\sum B$ – білім алушының тоқсан ішінде формативтік бағалау барысында жинаған балдарының қосындысы;

M – формативтік бағалау қорытындысы бойынша балл қойылған сабақтардың саны;

10 – формативтік бағалау үшін белгіленген ең жоғары балл;

3) P – тоқсан ішінде жүргізілген аралық бағалаулардың пайыздық мәндегі жиынтық нәтижесі:

$$P = \frac{\sum P_b}{R \times P_n} \times 100\%$$

мұндағы:

ΣРb – білім алушының тоқсан ішінде жүргізілген аралық бағалаулардың қорытындысы бойынша жинаған балдарының қосындысы;

R – тоқсан ішінде өткізілген аралық бағалаулардың саны;

Pn – осы Қағидалардың 2-9-тармағында белгіленген аралық бағалау үшін қойылатын ең жоғары балл.

2-15. Тоқсан бойынша қорытынды бағалау нәтижелері балдардың пайыздық мәні түрінде электрондық (қағаз) журналға қойылады және осы Қағидаларға 1 қосымшада белгіленген балдардың пайыздық мәнін бағаларға ауыстыру шкаласына сәйкес тоқсандық бағаға ауыстырылады.

2-16. Тоқсан ішінде аралық бағалау нәтижелері болмаған жағдайда, білім алушы осы Қағидалардың 2-12-тармағында көзделген тәртіппен аралық бағалаудан өткенге дейін оған тоқсандық баға қойылмайды.

2-17. Қорытынды бағалау нәтижелері туралы ақпарат білім алушыларға, олардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне қағаз немесе электрондық форматта ұсынылады.

2-18. 1-сынып білім алушысы ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші негізінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша қайта оқытуға қалдырылады.

1-сыныпта қайта оқу педагогикалық кеңестің шешімімен рәсімделеді.

2-19. 2-4-сынып білім алушыларының барлық оқу пәндері бойынша жылдық бағасы тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәні ретінде ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектеу арқылы қойылады және оқу жылының қорытынды бағасы болып табылады.

Жылдық «3», «4» және «5» бағаларын алған 2-4-сынып білім алушылары келесі сыныпқа көшіріледі.

2-4-сынып білім алушыларына жылдық «2» бағасы қойылмайды.

2-20. Тоқсандық және жылдық бағаларды қайта қарауға жол берілмейді.

Бағалау нәтижелерін электрондық журналға енгізу кезінде техникалық қате жіберілген жағдайда, қате анықталған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде білім беру ұйымының педагогі қате туралы білім беру ұйымының басшысына немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға хабарлайды.

Техникалық қатені түзету білім алушының нақты бағалау нәтижелерін растайтын құжаттар және хаттама негізінде жүзеге асырылады.

2-21. Білім алушыны оқу жылы ішінде бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауыстырған кезде оның формативтік және аралық бағалау нәтижелері электрондық (қағаз) журналдан алынған үзіндімен рәсімделеді, білім беру ұйымының директорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолтаңбасымен, білім беру ұйымының мөрімен куәландырылады және білім алушының жеке ісімен бірге беріледі.

2. БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ 2–4-СЫНЫПТАРЫ БОЙЫНША АРАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Тілдік оқу пәндері бойынша аралық бағалауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Жалпы ережелер

Тілдік оқу пәндері бойынша аралық бағалау білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын бағалауға бағытталады.

Тыңдалым және айтылым дағдыларын бағалау аралық бағалауды өткізу жоспарланған апта ішінде сабақ барысында жүргізіледі. Оқылым және жазылым дағдыларын бағалауға арналған тапсырмалар жазбаша жұмыс құрамында орындалады.

Аралық бағалау жұмысының мазмұны оқу пәнінің ерекшелігіне қарай диктант, шығарма, мазмұндама, мәтінмен жұмыс және оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұруы мүмкін.

«Қазақ тілі» және «Орыс тілі» оқу пәндері бойынша аралық бағалау диктанттан және оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады. Оқу сауаттылығына арналған тапсырмалар диктант мәтіні немесе жеке ұсынылған мәтін негізінде әзірленеді.

«Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша аралық бағалау шығарма немесе мазмұндама және оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмалар арқылы жүргізіледі.

Аралық бағалауды ұйымдастыру кезінде:

- барлық білім алушыға бірдей жағдай жасалады;
- жұмысты орындау тәртібі мен оған берілетін уақыт алдын ала түсіндіріледі;
- тапсырмалар оқу бағдарламасының мазмұнына және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі;
- тапсырмалардың мазмұны мен күрделілік деңгейінің сынып деңгейіне сәйкестігі сақталады;
- бағалау критерийлері мен дескрипторлар барлық білім алушыға бірдей қолданылады;
- тапсырмаларды өз бетінше орындау талаптары сақталады;
- педагог жұмыстың академиялық адалдық талаптарына сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға олардың жеке мүмкіндіктері мен білім беру қажеттіліктеріне сәйкес қосымша уақыт, визуалды тірек, үлкейтілген қаріп, тыныш жұмыс орны және қажетті техникалық құралдар ұсынылуы мүмкін. Көрсетілетін қолдау бағаланатын оқу мақсаты мен тапсырманың мазмұнын өзгертпеуі тиіс.

2. Аралық бағалауға арналған дәптерді жүргізу

Әр білім алушыға тілдік оқу пәндері бойынша аралық бағалау жұмыстарын орындауға арналған жеке дәптер арнау ұсынылады.

Дәптерде аралық бағалау шеңберінде орындалатын жазбаша жұмыстар:

- диктант;
- шығарма;
- мазмұндама;
- мәтін бойынша тапсырмалар;
- оқу сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмалар;
- қатемен жұмыс нәтижелері орындалады.

Жазбаша жұмыстар мен оларға қоса берілген тапсырмаларды бір дәптерде орындау педагогке білім алушының нәтижелерін кешенді талдауға, тілдік дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтауға және оқу жетістіктеріндегі өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді.

Аралық бағалау аяқталғаннан кейін дәптерлерді педагог жинап алады. Тексерілген жұмыстар білім алушыларға таныстырылып, кері байланыс беріледі. Дәптерлер білім беру ұйымында педагог айқындаған орында сақталады.

2.1. ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН 2–4-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Түсінік хат

2-4-сыныптарда қазақ тілі бойынша аралық бағалау шеңберінде диктант жұмысын жоспарлау және білім алушының жұмысын бағалау тәсілдерін біріздендіру.

Диктант білім алушының тыңдалған мәтінді жазбаша түрде дәл беруін, орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтауын, сондай-ақ сауатты жазу дағдысын анықтауға бағытталады.

Диктантты аралық бағалауда қолданудың негізгі қағидаттары

Диктантты жоспарлау кезінде педагог:

1. Пәннің үлгілік оқу бағдарламасына сай әзірленген күнтізбелік-тақырыптық жоспарының оқу мақсаттарын басшылыққа алады;
2. Диктантқа арналған оқу мақсаттарын іріктеу кезінде әр оқу тоқсанындағы ұзақ мерзімді жоспарда қарастырылған жазылым әрекетінің келесі аспектілерімен байланысты оқу мақсаттарын таңдайды:
 - тыңдалым материалдары бойынша жазба жұмыстар жазу;
 - каллиграфиялық нормаларды сақтау;
 - пунктуациялық нормаларды сақтау;
 - сөздердің орфографиялық нормаларын сақтау.
3. Диктант тақырыбын ортақ тақырыпқа сәйкес таңдайды;
4. Ұзақ мерзімді жоспардағы өтілген бөлім шеңберінде игерілген оқу мақсаттарын ғана қамтиды;
5. Диктант мәтініндегі сөздер мен грамматикалық құрылымдардың оқытылған материалға сәйкес болуын қамтамасыз етеді;
6. Мәтін көлемін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сақтайды;
7. Бір диктантта тексерілетін орфограммалар мен пунктуациялардың санын шамадан тыс көбейтпейді;
8. Оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлері және бағалау тапсырмасының дескрипторларын алдын ала анықтайды;
9. Диктант нәтижесін тек «қате саны» арқылы емес, бағалау критерийлері бойынша талдайды.

Диктантты ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар

Диктант басталғанға дейін педагог:

- білім алушылардың жұмысқа дайындығын тексереді;
- дәптерге күнді және жұмыс түрін жазу тәртібін түсіндіреді;
- диктанттың тақырыбын хабарлайды және тақтаға жазады;
- жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді;
- мәтінді мұқият тыңдап, сөйлем толық оқылғаннан кейін жазуды бастауды ескертеді;

– азат жолды, бас әріпті және тыныс белгілерін сақтау қажеттігін еске салады.

Педагог бағалауға алынатын сөздердің жазылуын, орфограммаларды және тыныс белгілерін алдын ала түсіндірмейді.

Диктантты өткізу тәртібі

Мәтінді алғашқы оқу

Педагог мәтінді толықтай бір рет анық, мәнерлеп және бірқалыпты қарқынмен оқиды.

Алғашқы оқу кезінде білім алушылар мәтінді жазбайды. Олар мәтіннің мазмұнын, құрылымын және оқиғалардың ретін мұқият тыңдайды.

Мәтін оқылғаннан кейін педагог оның жалпы мазмұнының түсінікті болғанын анықтай алады. Бұл кезеңде сөздердің дұрыс жазылуына немесе қойылатын тыныс белгілеріне қатысты түсінік берілмейді.

Мәтінді жаздыру

Мәтін сөйлемдер бойынша жаздырылады:

1. Педагог сөйлемді толық бір рет оқиды.
2. Білім алушылар сөйлемді мұқият тыңдайды.
3. Педагог сөйлемді мағыналық бөліктерге бөліп оқиды.
4. Білім алушылар әр мағыналық бөлікті тыңдап, жазады.
5. Сөйлем толық жазылып болғаннан кейін педагог оны қайтадан тұтас оқиды.

Сөйлемнің мағыналық бөліктері білім алушылардың жас ерекшеліктері мен есте сақтау мүмкіндіктеріне сәйкес анықталады. Білім алушылар жазып үлгермеген жағдайда педагог сөйлемді немесе оның мағыналық бөлігін қайта оқиды.

Жаңа азат жол басталғанда педагог: «Азат жолдан жазыңдар», – деп ескертеді.

Мәтінді қорытынды оқу

Диктант толық жазылып болғаннан кейін педагог мәтінді тұтас бір рет қайта оқиды.

Білім алушылар мәтінді тыңдай отырып:

- қалып қойған сөздер мен сөйлем бөліктерін анықтайды;
- сөздердің толық жазылуын тексереді;
- сөйлемдердің бас әріптен басталуына назар аударады;
- сөйлем соңындағы тыныс белгілерін тексереді;
- анықталған қателерін түзетеді.

Мәтін оқылғаннан кейін білім алушыларға жұмысын өздігінен қайта қарап шығуға уақыт беріледі.

Осылайша, диктант мәтіні тұтас күйінде екі рет оқылады:

бірінші рет – диктантты жазу басталғанға дейін;

екінші рет – диктант толық жазылып болғаннан кейін.

Жаздыру барысында сөйлемдер мен олардың мағыналық бөліктерінің оқылуы мәтінді тұтас оқу санына кірмейді.

Педагогтің мәтінді оқуына қойылатын талаптар

Педагог:

- мәтінді орфоэпиялық нормаларға сәйкес оқиды;
- анық және бірқалыпты оқу қарқынын сақтайды;
- сөйлемдерді білім алушылар жазып үлгеретіндей жылдамдықпен оқиды;
- сөздерді буынға бөліп немесе әріптеп айтпайды;
- сөздердің дыбысталуын жасанды түрде өзгертпейді;
- орфограммаларды дауыс екіпінімен ерекшелендірмейді;
- бағаланатын тыныс белгілерін атап айтпайды;
- сөздердің дұрыс жазылуын тікелей немесе жанама түрде аңғартпайды;
- жекелеген білім алушыларға қосымша көмек бермейді;
- барлық білім алушыға мәтінді бірдей реттілікпен және бірдей мөлшерде оқиды.

Білім алушының жазба жұмысына қойылатын талаптар

Білім алушы:

- мәтінді мұқият тыңдайды;
- сөйлем толық оқылғаннан кейін жазуды бастайды;
- мәтінді сөздер мен сөйлемдерді қалдырмай толық жазады;
- сөйлемді бас әріптен бастайды;
- сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қояды;
- сөздерді орфографиялық нормаларға сәйкес жазады;
- азат жолды сақтайды;
- каллиграфиялық талаптарға сәйкес анық және ұқыпты жазады;
- түзетулерді белгіленген тәртіппен орындайды;
- жұмыс аяқталғаннан кейін жазған мәтінін өздігінен тексереді.

Каллиграфиялық талаптар сынып деңгейіне қарай нақтыланады:

- 2-сыныпта әріптердің биіктігі, мөлшері және көлбеулігі;
- 3–4-сыныптарда сөздерді көлбеу, үзбей, біркелкі және анық жазу ескеріледі.

Диктант мәтіні бойынша оқу сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмаларды орындау

Оқу сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмалар білім алушы жазған диктант мәтінінің мазмұны негізінде әзірленеді. Тапсырмалар мәтінді түсіну, ондағы ақпаратты табу, байланыстыру, түсіндіру, салыстыру және мәтін мазмұны бойынша қорытынды жасау дағдыларын бағалауға бағытталады.

Тапсырмалар тиісті сыныптың Үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мақсаттарына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және оқу кезеңінде меңгерген дағдыларына сәйкес әзірленеді. Тапсырмалар оқу бағдарламасында әлі қарастырылмаған білім мен дағдыларды бағалауға бағытталмауы тиіс.

Тапсырмаларды әзірлеу кезінде PIRLS халықаралық зерттеуінде қолданылатын оқу сауаттылығын бағалаудың мынадай әдіснамалық тәсілдерін ескеру ұсынылады:

- мәтінде анық берілген ақпаратты табу;
- мәтіндегі ақпарат негізінде қарапайым қорытынды жасау;
- мәтіндегі ақпараттарды түсіндіру және байланыстыру;
- мәтін мазмұнын бағалау және жауабын мәтіндегі ақпаратпен негіздеу.

PIRLS тәсілдері оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын алмастырмайды және тапсырмалардың танымдық күрделілігін айқындауда әдістемелік бағдар ретінде қолданылады.

Тапсырмалар қарапайым әрекеттен күрделі әрекетке қарай бірізді орналастырылады:

2-сыныпта мәтінде анық берілген ақпаратты табуға, оқиғалардың ретін анықтауға және қарапайым қорытынды жасауға арналған тапсырмалар басым беріледі;

3-сыныпта ақпаратты байланыстыруға, салыстыруға, кейіпкер әрекетінің себебін түсіндіруге және негізгі ойды анықтауға бағытталған тапсырмалар енгізіледі;

4-сыныпта ақпаратты түсіндіру, мәтін бөліктерін байланыстыру, мәтін мазмұнын бағалау, қорытынды жасау және пікірін мәтіндегі ақпаратпен негіздеу тапсырмаларының үлесі ұлғайтылады.

Диктант мәтіні бойынша:

- бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау;
- тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтау;
- мәтіндегі ақпараттарды сәйкестендіру;
- оқиғаларды ретімен орналастыру;
- мәтіннен қажетті ақпаратты тауып жазу;
- сұраққа қысқаша немесе толық жауап беру;
- мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;
- кейіпкер әрекетінің себебін түсіндіру;
- себеп-салдарлық байланысты анықтау;
- мәтіндегі ақпараттарды салыстыру;
- мәтін мазмұны бойынша қорытынды жасау;
- пікір білдіру және оны мәтіндегі ақпаратпен негіздеу тапсырмалары берілуі мүмкін.

Тапсырмалар қысқа, нақты, бізмәнді және білім алушыға түсінікті тілде тұжырымдалуы тиіс. Тапсырманың шарты білім алушының қандай әрекет орындауы керектігін нақты көрсетуі қажет. Осы мақсатта «таңда», «белгіле», «анықта», «сәйкестендір», «ретімен орналастыр», «жаз», «түсіндір», «салыстыр», «негізде», «қорытынды жаса» сияқты әрекетті білдіретін сөздер қолданылады.

Оқу сауаттылығына арналған тапсырмалар диктант толық жазылып, педагог мәтінді қорытынды тексеру үшін оқығаннан және білім алушылар өз жұмыстарын тексергеннен кейін орындалады. Білім алушылар тапсырмаларды

өздері жазған диктант мәтінінің мазмұны бойынша орындайды және барлық жауапты сол аралық бағалау дәптеріне жазады.

Педагог тапсырмаларды орындау тәртібін және жауаптарды дәптерге жазу жолын түсіндіреді, жұмысқа берілетін уақытты хабарлайды. Бұл ретте педагог дұрыс жауапты анықтауға ықпал ететін қосымша түсінік бермейді.

Белгілеу, сәйкестендіру немесе ретін анықтау тапсырмаларын орындау кезінде білім алушы дәптерге тапсырманың нөмірін және тиісті жауабын жазады.

Әр тапсырмаға бағалау критерийі, дескриптор және балл белгіленеді. Тапсырмаға берілетін балл оның күрделілік деңгейіне және орындалатын әрекеттер санына сәйкес айқындалады. Егер тапсырма бірнеше әрекеттен тұрса, әр әрекетке жеке балл қарастырылады.

Оқу сауаттылығына арналған тапсырмаларда мәтінді түсіну дағдысы бағаланатындықтан, білім алушының жауабындағы орфографиялық, пунктуациялық және каллиграфиялық қателер үшін балл төмендетілмейді.

Тапсырмалардың саны мен көлемі білім алушының оларды аралық бағалауға белгіленген жалпы уақыт ішінде орындауына мүмкіндік беретіндей болуы тиіс.

Жұмысты аяқтау және дәптерлерді жинау

Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін педагог:

- білім алушыларға жұмысты аяқтауды ескертеді;
- диктант пен барлық тапсырманың орындалғанын тексертеді;
- дәптерлерді жинап алады;
- дәптерлердің толық жиналғанына көз жеткізеді.

Дәптерлер тексеру үшін педагогте қалады және білім алушыларға үйге берілмейді.

Диктантты тексеру және нәтижелерін талдау

Педагог жұмысты тексеру барысында:

- мәтіннің толық жазылуын;
- каллиграфиялық нормалардың сақталуын;
- орфографиялық қателерді;
- пунктуациялық қателерді;
- мәтін бойынша тапсырмалардың орындалуын бағалайды.

Қателер бағалау критерийлері мен дескрипторларға сәйкес есепке алынады. Педагог әр білім алушының нәтижесін ғана емес, сынып бойынша жиі кездесетін қателерді де анықтайды.

Нәтижелерді талдау барысында:

- білім алушылардың көпшілігі жіберген ортақ қателер;
- жекелеген білім алушыларға тән қателер;
- меңгерілуінде қиындық туындаған орфограммалар мен

пунктограммалар;

– қосымша түсіндіруді және қайталауды қажет ететін оқу мақсаттары белгіленеді.

Қатемен жұмысты ұйымдастыру

Қатемен жұмыс бағалау нәтижесінде анықталған оқу қиындықтарын түзетуге бағытталады. Қатемен жұмыс өткізуге оқу жоспарында жеке сағат қарастырылмайды. Сондықтан оны қайталау сабағында немесе келесі сабақтың басында ұйымдастыру ұсынылады.

Диктант өткізілген күні білім алушыларға үй тапсырмасын бермеу ұсынылады. Осыған байланысты келесі сабақта үй тапсырмасын тексеруге жоспарланған уақыт қатемен жұмыс жүргізуге пайдаланылады.

Қатемен жұмыс мынадай ретпен жүргізіледі:

1. Педагог тексерілген дәптерлерді білім алушыларға таратады.
2. Диктанттың жалпы нәтижесіне қысқаша талдау жасайды.
3. Сыныпта жиі кездескен қателерді түсіндіреді.
4. Қате жіберілген орфограммалар мен пунктограммалардың ережесін қайталатады.
5. Білім алушылар өз жұмыстарындағы қателерді анықтайды.
6. Қате жазылған сөздердің дұрыс нұсқасын жазады.
7. Тиісті ережені түсіндіреді немесе ережеге сәйкес мысал келтіреді.
8. Қате жіберілген сөздермен сөз тіркесін немесе сөйлем құрастырады.
9. Педагог орындалған қатемен жұмысты тексереді.

Қатемен жұмыс білім алушының қате жазылған сөзді бірнеше рет механикалық көшіруімен шектелмеуі керек. Білім алушы қатенің себебін түсініп, тиісті ережені жаңа тілдік жағдаятта қолдануы қажет.

Жалпы талдау кезінде жекелеген білім алушылардың аты-жөні аталмайды, нәтижелері көпшілік алдында салыстырылмайды және қателері сынып алдында жарияланбайды.

Қатемен жұмыс аяқталғаннан кейін дәптерлер қайтадан жиналып, білім беру ұйымында сақталады.

Қатемен жұмыс үшін қосымша балл қойылмайды және диктант бойынша қойылған бастапқы балл өзгертілмейді. Қатемен жұмыс нәтижелері білім алушыға көрсетілетін жеке қолдауды және кейінгі оқу жұмысын жоспарлау кезінде ескеріледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін аралық бағалау диктант және оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмалар түрінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-10-тармағына сәйкес педагог білім алушының жеке мүмкіндіктерін, білім беру қажеттіліктерін және меңгеретін оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, сараланған және (немесе) жеке тапсырмалар әзірлейді.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеретін білім алушы үшін бағаланатын оқу мақсаттары мен дағдылар сақталады. Қажеттілігіне қарай тапсырманың көлемі, күрделілік деңгейі, мәтінді оқу қарқыны, тапсырманы ұсыну тәртібі, жұмыс орны және орындауға берілетін уақыт бейімделуі мүмкін.

Жеке оқу бағдарламасы бойынша білім алатын білім алушы үшін диктант мәтіні, оқу сауаттылығына арналған тапсырмалар, бағалау критерийлері мен дескрипторлар жеке оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарына сәйкес әзірленеді.

Егер білім алушының жағдайы жазбаша жұмысты орындауға объективті түрде мүмкіндік бермесе, оның аралық бағалауын өткізу тәртібі жеке оқу бағдарламасы мен психологиялық-педагогикалық қолдау жөніндегі ұсынымдар негізінде жеке айқындалады.

Диктант мәтінінің көлемі

Диктант мәтінінің көлемі сыныпқа және оқу кезеңіне сәйкес белгіленеді.

Сынып	Жұмыс түрі	I жартыжылдық	II жартыжылдық
2-сынып	Сөздік диктант	3–5 сөз	5–7 сөз
	Бақылау диктанты	30–35 сөз	35–40 сөз
	Бақылау мақсатындағы көшіріп жазу	30–35 сөз	35–40 сөз
3-сынып	Сөздік диктант	7–9 сөз	9–12 сөз
	Бақылау диктанты	45–50 сөз	60–65 сөз
	Бақылау мақсатындағы көшіріп жазу	45–50 сөз	60–65 сөз
4-сынып	Сөздік диктант	10–12 сөз	12–15 сөз
	Бақылау диктанты	65–70 сөз	70–80 сөз
	Бақылау мақсатындағы көшіріп жазу	65–70 сөз	70–80 сөз

Аралық бағалау үшін диктант алынған жағдайда, негізгі бағдар ретінде «бақылау диктанты» үшін белгіленген сөз көлемін алған дұрыс.

Мысалы:

- 2-сынып, I жартыжылдық → **30–35 сөз**;
- 2-сынып, II жартыжылдық → **35–40 сөз**;
- 3-сынып, I жартыжылдық → **45–50 сөз**;
- 3-сынып, II жартыжылдық → **60–65 сөз**;
- 4-сынып, I жартыжылдық → **65–70 сөз**;
- 4-сынып, II жартыжылдық → **70–80 сөз**.

Диктантқа оқу мақсаттарын қалай таңдау керек?

Диктантқа оқу мақсаттарын таңдаудың негізгі қағидасы:

Оқу мақсаты → тексерілетін дағды → диктант мәтініндегі тілдік материал → бағалау критерийі

Педагог алдымен «қандай оқу мақсатын тексеремін?» деген сұраққа жауап береді, содан кейін сол оқу мақсатын тексеруге мүмкіндік беретін мәтін таңдайды.

Диктант үшін басымдық берілетін оқу мақсаттары

2-сыныпта:

- каллиграфиялық нормалар;
- сөздердің орфографиялық нормаларын сақтау;
- сөйлем соңындағы тыныс белгілерін дұрыс қолдану;
- оқытылған дыбыстар мен әріптердің емлесін сақтау.

3-сыныпта:

- орфографиялық нормалар;
- пунктуациялық нормалар;
- каллиграфиялық нормалар;
- оқытылған грамматикалық құрылымдарды жазу;
- көлбеу, үзбей және біркелкі жазу.

4-сыныпта

- орфографиялық нормалар;
- пунктуациялық нормалар;
- күрделі сөйлем құрылымдарын жазу;
- каллиграфиялық нормалар.

Жоғарыда аталған нормалар тілдік пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының жазылымға байланысты ұсынылған оқу мақсаттарының жүйесіне сәйкес берілген:

3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	2.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу	3.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу	4.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу
3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып,	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық	4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба

	түзету және кұраған сөйлемін толықтыру	кателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету	жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету	4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау, жазу техникасын жетілдіру
3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.3.7.1 сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану	3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою	4.3.7.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою
		3.3.7.2 мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою	4.3.7.2 сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қою
			4.3.7.3 диалогке тән тыныс белгілерді қою

Жазба жұмыстарының саны

Сынып	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Оқу жылында
2-сынып	2	2	2	2	8
3-сынып	2	2	2	2	8
4-сынып	2	2	2	2	8
Барлығы	6	6	6	6	24

Оқу мақсатын тандаудың алгоритмі

Педагог диктантты жоспарлау кезінде мына **5 қадамды** орындағаны жөн.

1-қадам. Аралық бағалау кезеңін анықтау

Мысалы:

3-сынып, I оқу тоқсаны, 1 бөлім.

2-қадам. Осы кезеңде оқытылған оқу мақсаттарын анықтау

Оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген күнтізбелік-тақырыптық жоспардан тек **бағаланатын бөлімде қарастырылған** оқу мақсаттары алынады.

3-қадам. Диктант арқылы тікелей тексерілетін оқу мақсаттарын тандау

Мысалы:

- орфографиялық норма;
- пунктуациялық норма;
- каллиграфиялық норма.

4-қадам. Мәтінді мақсаттарға сәйкестендіру

Егер оқу мақсаты белгілі бір орфограмманы тексеруге бағытталса, мәтінде сол орфограмма **жеткілікті мөлшерде кездесуі керек.**

Бірақ бір мәтінге барлық орфограммаларды енгізуге болмайды.

5-қадам. Бағалау критерийлерін анықтау

Әр критерий оқу мақсатына сәйкес білім алушының бағаланатын дағдысын көрсетуі керек.

Диктант мәтінін тандау талаптары

Диктант мәтіні:

- тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес;
- білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес;
- оқу бағдарламасының мазмұнына, яғни бағаланатын бөлімнің ортақ тақырыбына сәйкес;
- осы кезеңде оқытылған тілдік материал негізінде;
- түсінікті лексикамен;
- грамматикалық жағынан дұрыс;
- көлемі пәннің үлгілік оқу бағдарламасы белгілеген шекте болуы қажет.

Мәтінге қойылатын негізгі талап

Диктант мәтіні оқу мақсатын «жасырын» тексермеуі керек.

Мысалы, егер оқу мақсаты тыныс белгілерін қолдануға бағытталса, мәтінде тиісті сөйлем құрылымдары болуы қажет.

Маңызды айырмашылық

Оқу мақсаты мен бағалау критерийі бір нәрсе емес.

Мысалы:

Оқу мақсаты: сөйлемдегі тыныс белгілерін қолдану.

Оған сәйкес бағалау критерийі:

Сөйлемдегі тыныс белгілерін қояды.

Дескриптор:

Сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қояды.

Диктантты бағалау

Диктантты бағалау кезінде мынадай негізгі критерийлер басшылыққа алынады:

- мәтінді толық жазу;
- каллиграфиялық нормаларды сақтау;
- орфографиялық нормаларды сақтау;
- пунктуациялық нормаларды сақтау.

Әр критерий бойынша балл білім алушының оқу әрекетінің нәтижесіне және жіберген қателерінің санына сәйкес қойылады. Диктант бойынша ең жоғары балл саны – **7 балл**.

Ұсынылатын бағалау құрылымы

№	Бағалау критерийі	Дескриптор: Білім алушы	Балл
1	Тыңдалған материал бойынша жазба жұмысын орындау	Мәтінді толық жазады, сөздер мен сөйлемдерді қалдырмайды	1
2	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	Әріптердің биіктігі мен мөлшерін сақтап, анық жазады	1
		Сөздерді көлбеу, үзбей және біркелкі жазады	1
3	Орфографиялық нормаларды сақтау	Орфографиялық қате жібермейді	2
		1 орфографиялық қате жібереді	1
		2 және одан көп орфографиялық қате жібереді	0
4	Пунктуациялық нормаларды сақтау	Пунктуациялық қате жібермейді	2
		1 пунктуациялық қате жібереді	1
		2 және одан көп пунктуациялық қате жібереді	0
	Диктант бойынша жалпы балл саны		7

Ескерту: каллиграфиялық нормалар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және сынып деңгейіне сәйкес бағаланады. Орфографиялық

және пунктуациялық нормалар бойынша балл қателердің санына қарай жеке қойылады. Бір критерий шеңберіндегі балл нұсқаларының біреуі ғана таңдалады.

Педагог білім алушының жұмысын талдау кезінде:

- жіберілген қателердің саны мен түрін;
- қате жіберілген орфограмма немесе пунктограмманы;
- білім алушының қандай дағдыны меңгеруде қиындық көргенін тіркейді.

Мұнда маңыздысы: орфография бойынша 2, 1 немесе 0 балдың біреуі ғана, пунктуация бойынша да 2, 1 немесе 0 балдың біреуі ғана қойылады. Сондықтан жалпы ең жоғары нәтиже 7 балдан аспайды.

Бұл әсіресе аралық бағалаудың мақсаты үшін маңызды, себебі оның нәтижесі тек балл қоюға емес, **білім алушының келесі кезеңдегі оқу қажеттілігін анықтауға** мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ
2-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Өзім туралы»

Оқу мақсаттары:

2.4.1.2 у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу;

2.4.1.1 я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу;

2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу.

Бақылау диктанты
Менің күнім

Мен таңертең ерте ояндым. Бетімді жуып, жылы киіндім. Досым Аяжанмен таңғы шай іштік. Кейін мектепке бардық. Сабақта әдемі ою қиып, ұя жасадық. Үзілісте достарымызбен ойнадық. Сабақтан соң үйге қуанып қайттық.

(30 сөз)

1-НҰСҚА

Тапсырма:

1. Мәтіннің негізгі ойын анықтап жаз.
2. «Ояндым» сөзін буынға бөліп жаз.
3. Мәтіннен «я» және «ю» әріптері бар сөздердің астын сыз.

2-НҰСҚА

Тапсырма :

1. Мәтіннің негізгі ойын білдіретін бір сөйлемді анықтап жаз.
2. Мәтіннен «у» дыбысы бар екі сөзді тауып, «у» дыбысы дауысты болса астын бір рет, дауыссыз болса астын екі рет сыз.
3. «О...нады, ж..нады» сөздеріне и,й әріптерінің тиістісін қойып жаз.

ҚАЗАҚ ТІЛІ
2-СЫНЫП І ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Менің отбасым және достарым»

Оқу мақсаттары:

2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу;

2.4.1.3 дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді, ұяң) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу;

2.4.1.4 дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу.

Бақылау диктанты
Достық

Менің досымның аты – Рауан. Ол өте ақылды және мейірімді бала. Біз бірге сабақ оқимыз. Рауан маған әрқашан сабаққа көмектеседі. Үзілісте бірге ойнаймыз. Біз бір-бірімізді сыйлаймыз. Достығымыз әрқашан бірге жүр.

(30 сөз)

1 нұсқа

Тапсырма:

- 1). **Достық** сөзіне дыбыстық талдау жаса.
- 2). Үшінші сөйлемдегі ұяң дауыссыз дыбыстары бар сөздердің астын сыз.
- 3) **Кітап** сөзіне **-ым** жалғауын қосып, дыбыстың өзгеруін сақтап, буынға бөліп жаз.

2 нұсқа

Тапсырма:

- 1). Бірінші сөйлемдегі қатаң дауыссыз дыбыстары бар сөздердің астын сыз.
- 2). Екінші сөйлемдегі үнді дауыссыз дыбыстары бар сөздердің астын сыз.
- 3) **Ақылды** сөзін буынға бөліп жаз.

2-сыныпта аралық бағалау бойынша жалпы балл: 12 балл, оның ішінде диктантқа – 7 балл, мәтінмен жұмыс тапсырмаларына – 5 балл ұсынылады

Диктантты бағалау критерийі және дескрипторлары

№	Бағалау критерийі	Дескриптор: Білім алушы	Балл	
1	Тыңдалған материал бойынша жазба жұмысын орындау	Мәтінді толық жазады, сөздер мен сөйлемдерді қалдырмайды	1	
2	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	Әріптердің биіктігі мен мөлшерін сақтап, анық жазады	1	
		Сөздерді көлбеу, үзбей және біркелкі жазады	1	
3	Орфографиялық нормаларды сақтау	Орфографиялық қате жібермейді	2	
		1 орфографиялық қате жібереді	1	
		2 және одан көп орфографиялық қате жібереді	0	
4	Пунктуациялық нормаларды сақтау	Пунктуациялық қате жібермейді	2	
		1 пунктуациялық қате жібереді	1	
		2 және одан көп пунктуациялық қате жібереді	0	
	Диктант бойынша жалпы балл саны			7

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескрипторлары

Бағалау критерийі	Тапсырмалар саны	Дескриптор: білім алушы	Балл
Мәтінмен жұмыс жасайды	3	1-тапсырманы орындайды	2
		2-тапсырманы орындайды	2
		3-тапсырманы орындайды	1
Мәтінмен жұмыс бойынша жалпы балл			5

Ескерту: педагог тапсырмалардың күрделілік деңгейіне қарай тапсырма санын және әр тапсырмаға берілетін балды дербес айқындайды.

ҚАЗАҚ ТІЛІ
3 СЫНЫП І ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Жанды табиғат»

Оқу мақсаттары:

3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау;

3.2.1.1 тірек сөздер/көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін және оның құрылымдық бөліктерін анықтау;

3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету.

Бақылау диктанты
Табиғатты қорғайық

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Орманда биік ағаштар, түрлі гүлдер өседі. Құстар бұтақтарға ұя салып, балапандарын қоректендіреді. Балалар табиғатты бақылағанды ұнатады. Олар құстарға жем шашып, ағаштарды сындырмайды. Табиғатты қорғаған адам туған жерін құрметтейді. Сондықтан әр бала қоршаған ортаны таза ұстап, табиғат байлығын ұқыпты пайдалануы керек. Бұл – баршамызға ортақ міндет.

(50 сөз)

1-НҮСҚА

Тапсырма:

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықта, тақырыбының астын сыз.
2. Мәтіннің түрін анықтап жаз.
3. Мәтіннен тірек сөздерді тауып жаз.

2-НҮСҚА

Тапсырма:

1. Мәтін түрін анықтап жаз.
2. Әңгімелеу мәтінінің сұрақтарын жаз.
3. Мәтіннен құстардың әрекетін білдіретін сөйлемді тауып астын сыз

ҚАЗАҚ ТІЛІ
3 СЫНЫП І ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»

Оқу мақсаттары:

3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету.

3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою;

3.4.1.1 э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу.

Бақылау диктанты
Жақсылық

Жақсылық жасау, адамды қуантады. Айдос мектеп ауласынан ауыр сөмке көтеріп келе жатқан әжені көрді. Ол әжеге көмектесіп, сөмкесін үйіне жеткізді.

Әжей:

– Айналайын, бақытты бол! - деп, алғыс айтты.

Айдос көмегіне қуанды. Жақсы сөз айту, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу – әр адамның міндеті. Жақсылық жасаған сайын жүрек мейірімге толады. Мейірімді бала, әрине, сыйлы болады.

(50 сөз)

1-НҮСҚА

Тапсырма:

1. Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемді тауып астын сыз.
2. Мәтіндегі қаратпа сөздерді тауып, астын сыз.
3. В, ф әріптері бар сөздер ойлап жаз.

2-НҮСҚА

Тапсырма:

1. Мәтіннен маңызды ойды білдіретін сөйлемді тауып астын сыз.
2. Мәтіндегі қыстырма сөздерді тауып, астын сыз.
3. Э, ц әріптері бар сөздер ойлап жаз.

3-сыныпта аралық бағалау бойынша жалпы балл: 14 балл, оның ішінде диктантқа – 7 балл, мәтінмен жұмыс тапсырмаларына – 7 балл ұсынылады

Диктантты бағалау критерийі және дескриптор

№	Бағалау критерийі	Дескриптор: Білім алушы	Балл
1	Тыңдалған материал бойынша жазба жұмысын орындау	Мәтінді толық жазады, сөздер мен сөйлемдерді қалдырмайды	1
2	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	Әріптердің биіктігі мен мөлшерін сақтап, анық жазады	1
		Сөздерді көлбеу, үзбей және біркелкі жазады	1
3	Орфографиялық нормаларды сақтау	Орфографиялық қате жібермейді	2
		1 орфографиялық қате жібереді	1
		2 және одан көп орфографиялық қате жібереді	0
4	Пунктуациялық нормаларды сақтау	Пунктуациялық қате жібермейді	2
		1 пунктуациялық қате жібереді	1
		2 және одан көп пунктуациялық қате жібереді	0
Диктант бойынша жалпы балл саны			7

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор: Білім алушы	Балл
Мәтінмен жұмыс жасайды	2	1-тапсырманы дұрыс орындайды	2
		2-тапсырманы дұрыс орындайды	2
		3-тапсырманы дұрыс орындайды	3
Мәтінмен жұмыс бойынша жалпы балл			7

Ескерту: педагог тапсырмалардың күрделілік деңгейіне қарай тапсырма санын және әр тапсырмаға берілетін балды дербес айқындайды.

ҚАЗАҚ ТІЛІ
4-СЫНЫП І ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Менің Отаным – Қазақстан»

Оқу мақсаттары:

4.4.1.1 сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану;

4.1.2 сөзге қосымшалар жалғауда буын үндестігін ескеріп қолдану;

4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру.

Бақылау диктанты
Туған жерім – Қазақстан

Қазақстан – біздің ортақ Отанымыз. Кең байтақ еліміздің табиғаты ерекше көркем. Таулар, өзендер, көлдер мен жазық далалар туған жеріміздің байлығын көрсетеді. Әр азамат елін құрметтеп, табиғатын қорғауы керек. Біз мектепте туған жер туралы көп оқимыз, зерттейміз және достарымызға әңгімелейміз. Отанға деген сүйіспеншілік кішкентай істерден басталады. Сондықтан әр оқушы елінің дамуына білімді еңбегімен үлес қосуға ұмтылғаны дұрыс. Туған жер – әр адам үшін қымбат.

(65 сөз)

1- НҮСҚА

Тапсырма:

1.Мәтінді оқып, тірек сөздердің астын сыз.

2.Буын үндестігіне бағынатын 5 сөзді тауып жаз.

3.Дыбыс үндестігіне байланысты өзгеріп тұрған 2 қосымшалы сөзді жаз.

2- НҮСҚА

Тапсырма:

1.Мәтіннен негізгі ойды анықтайтын бөлігін қарындашпен қоршап сыз.

2. Берілген сөздерге тиісті қосымшаны жалға :табиғат + ... (ы/і)

мектеп + ... (ке/ге)

Отан + ... (ға/қа)

дос + ... (ым/ім)

еңбек + ... (і/ы)

3. Берілген сөздерді **жуан және жіңішке буынды сөздерге** бөліп жазыңыз.

Сөздер: Қазақстан, Отанымыз, табиғаты, көркем, таулар, өзендер, көлдер, мектепте, туған, сүйіспеншілік.

Жуан буынды сөздер: _____

Жіңішке буынды сөздер: _____

ҚАЗАҚ ТІЛІ
4-СЫНЫП І ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Құндылықтар»

Оқу мақсаттары:

4.2.1.1 мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау;

4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру;

4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау;

4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру.

Бақылау диктанты
Жақсылық

Адамның көркем мінезі оның жақсы ісінен байқалады. Әдепті бала үлкендерді сыйлайды, достарына көмектеседі және уәдесінде тұрады. Бір күні Айдана сыныптасының кітабын байқамай түсіріп алғанын көрді. Ол кітапты көтеріп, шаңын сұртті де, иесіне қайтарды. Сыныптасы оған рақмет айтты. Айдананың қарапайым көмегі екеуіне де қуаныш сыйлады. Жақсылық жасау үшін үлкен мүмкіндік күтудің қажеті жоқ. Жылы сөз бен мейірімді әрекет әр адамға жақсы әсер қалдырады. Жақсылық жасаудан ешқашан жалықпайық!

(66 сөз)

1- НҰСҚА

Тапсырма:

1. Мәтінде адамның мінезі мен іс-әрекеті сипатталған тұстардың астын сыз.
2. Мәтіннен құрмалас сөйлемді көшіріп жаз.
3. Мәтін түрін анықтап жаз.

2- НҰСҚА

Тапсырма:

1. Негізгі ой айтылған мәтін бөлігін қарындашпен қорша.
2. Мәтіннен жай сөйлемді көшіріп жаз.
3. Мәтін қай мәтін түріне жатады?

4-сыныпта аралық бағалау бойынша жалпы балл: 16 балл, оның ішінде диктантқа – 7 балл, мәтінмен жұмыс тапсырмаларына – 9 балл ұсынылады

Диктантты бағалау критерийі және дескриптор

№	Бағалау критерийі	Дескриптор: Білім алушы	Балл
1	Тыңдалған материал бойынша жазба жұмысын орындау	Мәтінді толық жазады, сөздер мен сөйлемдерді қалдырмайды	1
2	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	Әріптердің биіктігі мен мөлшерін сақтап, анық жазады	1
		Сөздерді көлбеу, үзбей және біркелкі жазады	1
3	Орфографиялық нормаларды сақтау	Орфографиялық қате жібермейді	2
		1 орфографиялық қате жібереді	1
		2 және одан көп орфографиялық қате жібереді	0
4	Пунктуациялық нормаларды сақтау	Пунктуациялық қате жібермейді	2
		1 пунктуациялық қате жібереді	1
		2 және одан көп пунктуациялық қате жібереді	0
Диктант бойынша жалпы балл саны			7

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор: Білім алушы	Балл
Мәтінмен жұмыс жасайды	2	1-тапсырманы дұрыс орындайды	3
		2-тапсырманы дұрыс орындайды	3
		3-тапсырманы дұрыс орындайды	3
Мәтінмен жұмыс бойынша жалпы балл			9

Ескерту: педагог тапсырмалардың күрделілік деңгейіне қарай әр тапсырмаға берілетін балды дербес айқындайды.

2.2. ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН 2–4-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Түсінік хат

Диктант білім алушының тыңдалған мәтінді жазбаша түрде дәл беруін, орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтауын, сондай-ақ сауатты жазу дағдысын анықтауға бағытталады.

Диктантты аралық бақылауда қолданудың негізгі қағидаттары

Диктантты жоспарлау кезінде педагог:

1. Пәннің үлгілік оқу бағдарламасына сай әзірленген күнтізбелік-тақырыптық жоспарының оқу мақсаттарын басшылыққа алады;
2. Диктантқа арналған оқу мақсаттарын іріктеу кезінде әр оқу тоқсанындағы ұзақ мерзімді жоспарда қарастырылған жазылым әрекетінің келесі аспектілерімен байланысты оқу мақсаттарын таңдайды:
 - тыңдалым материалдары бойынша жазба жұмыстар жазу;
 - каллиграфиялық нормаларды сақтау;
 - пунктуациялық нормаларды сақтау;
 - сөздердің орфографиялық нормаларын сақтау.
3. Диктант тақырыбын ортақ тақырыпқа сәйкес таңдайды;
4. Ұзақ мерзімді жоспардағы өтілген бөлім шеңберінде игерілген оқу мақсаттарын ғана қамтиды;
5. Диктант мәтініндегі сөздер мен грамматикалық құрылымдардың оқытылған материалға сәйкес болуын қамтамасыз етеді;
6. Мәтін көлемін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сақтайды;
7. Бір диктантта тексерілетін орфограммалар мен пунктуациялардың санын шамадан тыс көбейтпейді;
8. Оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлері және бағалау тапсырмасының дескрипторларын алдын ала анықтайды;
9. Диктант нәтижесін тек «қате саны» арқылы емес, бағалау критерийлері бойынша талдайды.

Жазба жұмыстарының саны

Сынып	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Оқу жылында
2-сынып	2	2	2	2	8
3-сынып	2	2	2	2	8
4-сынып	2	2	2	2	8
Барлығы	6	6	6	6	24

Диктант мәтінінің көлемі

Диктант мәтінінің көлемі сыныпқа және оқу кезеңіне сәйкес белгіленеді.

Сынып	Жұмыс түрі	I жартыжылдық	II жартыжылдық
-------	------------	---------------	----------------

2-сынып	Сөздік диктант	3–4 сөз	4–6 сөз
	Бақылау диктанты	20–25 сөз	25–35 сөз
	Бақылау мақсатындағы көшіріп жазу	20–25 сөз	25–35 сөз
3-сынып	Сөздік диктант	5–7 сөз	7–10 сөз
	Бақылау диктанты	30–40 сөз	40–50 сөз
	Бақылау мақсатындағы көшіріп жазу	30–40 сөз	40–50 сөз
4-сынып	Сөздік диктант	7–10 сөз	10–12 сөз
	Бақылау диктанты	45–55 сөз	55–70 сөз
	Бақылау мақсатындағы көшіріп жазу	45–55 сөз	55–70 сөз

Диктантқа оқу мақсаттарын қалай таңдау керек?

Диктантқа оқу мақсаттарын таңдаудың негізгі қағидасы:

Оқу мақсаты → тексерілетін дағды → диктант мәтініндегі тілдік материал → бағалау критерийі

Педагог алдымен «қандай оқу мақсатын тексеремін?» деген сұраққа жауап береді, содан кейін сол мақсатты тексеруге мүмкіндік беретін мәтін таңдайды.

Диктант үшін басымдық берілетін оқу мақсаттары

2-сыныпта:

- каллиграфиялық нормалар;
- сөздердің орфографиялық нормаларын сақтау;
- сөйлем соңындағы тыныс белгілерін дұрыс қолдану;
- оқытылған дыбыстар мен әріптердің емлесін сақтау.

3-сыныпта:

- орфографиялық нормалар;
- пунктуациялық нормалар;
- каллиграфиялық нормалар;
- оқытылған грамматикалық құрылымдарды жазу;
- көлбеу, үзбей және біркелкі жазу.

4-сыныпта

- орфографиялық нормалар;
- пунктуациялық нормалар;
- күрделі сөйлем құрылымдарын жазу;
- каллиграфиялық нормалар.

Жоғарыда аталған нормалар тілдік пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының жазылымға байланысты ұсынылған оқу мақсаттарының жүйесіне сәйкес берілген:

Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	2.4.2.1 оқыған/аудио/бейнематериалдың мазмұны бойынша	3.4.2.1 оқыған/аудио/бейнематериалдың	4.4.2.1 оқыған/аудио/бейнематериал
---	---	---------------------------------------	------------------------------------

	жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сұраққа жауап (сөйлем) жазу	мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу	ың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу
Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.4.3.1 мұғалімнің қолдауымен сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және тиісті тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану	3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану	4.4.3.1 сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгісін (үтір, қос нүкте)/қаратпа сөзден кейінгі сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану
Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	2.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын, азат жолдың және тақырыптың өлшемін сақтап жазу	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу	4.4.4.1 каллиграфиялық нормаларға сәйкес әріптердің өзара байланысын сақтап, бір сызықта көркем жазу

Оқу мақсатын таңдаудың алгоритмі

Педагог диктантты жоспарлау кезінде мына **5 қадамды** орындағаны жөн.

1-қадам. Аралық бағалау кезеңін анықтау

Мысалы:

3-сынып, I оқу тоқсаны, 1 бөлім.

2-қадам. Осы кезеңде оқытылған оқу мақсаттарын анықтау

Оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген күнтізбелік-тақырыптық жоспардан тек **бағаланатын бөлімде қарастырылған** оқу мақсаттары алынады.

3-қадам. Диктант арқылы тікелей тексерілетін оқу мақсаттарын таңдау

Мысалы:

- орфографиялық норма;
- пунктуациялық норма;
- каллиграфиялық норма.

4-қадам. Мәтінді мақсаттарға сәйкестендіру

Егер оқу мақсаты белгілі бір орфограмманы тексеруге бағытталса, мәтінде сол орфограмма **жеткілікті мөлшерде кездесуі керек**.

Бірақ бір мәтінге барлық орфограммаларды енгізуге болмайды.

5-қадам. Бағалау критерийлерін анықтау

Әр критерий оқу мақсатына сәйкес білім алушының бағаланатын дағдысын көрсетуі керек.

Диктант мәтінін таңдау талаптары

Диктант мәтіні:

- тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес;
- білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес;
- оқу бағдарламасының мазмұнына, яғни бағаланатын бөлімнің ортақ тақырыбына сәйкес;
- осы кезеңде оқытылған тілдік материал негізінде;
- түсінікті лексикамен;
- грамматикалық жағынан дұрыс;
- көлемі пәннің үлгілік оқу бағдарламасы белгілеген шекте болуы қажет.

Мәтінге қойылатын негізгі талап

Диктант мәтіні оқу мақсатын «жасырын» тексермеуі керек.

Мысалы, егер оқу мақсаты тыныс белгілерін қолдануға бағытталса, мәтінде тиісті сөйлем құрылымдары болуы қажет.

Маңызды айырмашылық

Оқу мақсаты мен бағалау критерийі бір нәрсе емес.

Мысалы:

Оқу мақсаты: сөйлемдегі тыныс белгілерін қолдану.

Оған сәйкес бағалау критерийі:

Сөйлемдегі тыныс белгілерін қояды.

Дескриптор:

Сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қояды.

Диктантты бағалау

Диктантты бағалау кезінде мынадай негізгі критерийлер басшылыққа алынады:

- мәтінді толық жазу;
- каллиграфиялық нормаларды сақтау;
- орфографиялық нормаларды сақтау;
- пунктуациялық нормаларды сақтау.

Әр критерий бойынша балл білім алушының оқу әрекетінің нәтижесіне және жіберген қателерінің санына сәйкес қойылады. Диктант бойынша ең жоғары балл саны – **7 балл**.

Ұсынылатын бағалау құрылымы

№	Бағалау критерийі	Дескриптор: Білім алушы	Балл	
1	Тыңдалған материал бойынша жазба жұмысын орындау	Мәтінді толық жазады, сөздер мен сөйлемдерді қалдырмайды	1	
2	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	Әріптердің биіктігі мен мөлшерін сақтап, анық жазады	1	
		Сөздерді көлбеу, үзбей және біркелкі жазады	1	
3	Орфографиялық нормаларды сақтау	Орфографиялық қате жібермейді	2	
		1 орфографиялық қате жібереді	1	
		2 және одан көп орфографиялық қате жібереді	0	
4	Пунктуациялық нормаларды сақтау	Пунктуациялық қате жібермейді	2	
		1 пунктуациялық қате жібереді	1	
		2 және одан көп пунктуациялық қате жібереді	0	
	Диктант бойынша жалпы балл саны			7

Ескерту: каллиграфиялық нормалар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және сынып деңгейіне сәйкес бағаланады. Орфографиялық және пунктуациялық нормалар бойынша балл қателердің санына қарай жеке қойылады. Бір критерий шеңберіндегі балл нұсқаларының біреуі ғана таңдалады.

Педагог білім алушының жұмысын талдау кезінде:

- жіберілген қателердің саны мен түрін;
- қате жіберілген орфограмма немесе пунктограмманы;
- білім алушының қандай дағдыны меңгеруде қиындық көргенін тіркейді.

Мұнда маңыздысы: орфография бойынша 2, 1 немесе 0 балдың біреуі ғана, пунктуация бойынша да 2, 1 немесе 0 балдың біреуі ғана қойылады. Сондықтан жалпы ең жоғары нәтиже 7 балдан аспайды.

Бұл әсіресе аралық бағалаудың мақсаты үшін маңызды, себебі оның нәтижесі тек балл қоюға емес, **білім алушының келесі кезеңдегі оқу қажеттілігін анықтауға** мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ (ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ)
2-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Өзім туралы»

Оқу мақсаттары:

2.1.2.1 - күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну.

2.4.1.1 - заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, өзара байланысқан сөйлем жазу.

Бақылау диктаны
Менің отбасым

Менің отбасым үлкен. Отбасымда әкем, анам, ағам және мен бармын. Әкем мейірімді. Анам ақылды және әдемі. Ағам көңілді. Біз тату отбасымыз. Мен өз отбасымды жақсы көремін (26 сөз).

1-тапсырма

Мәтін бойынша сұрақтарға толық сөйлеммен жауап бер.

1. Отбасы қандай?

2. Анасы қандай?

2-тапсырма. Мәтіннен заттың сынын білдіретін сөздерді тауып, көшіріп жаз.

3- тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құра.

мейірімді, әке

ақылды, ана

**ҚАЗАҚ ТІЛІ (ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ)
2-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)**

Бөлім: «Менің отбасым және достарым»

Оқу мақсаттары:

2.1.1.1 - ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және қарапайым сөйлемдерді түсініп қайталау.

2.5.1.1 - мұғалімнің көмегімен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану

2.2.1.1- сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану

**Бақылау диктанты
Менің мектебім**

Менің мектебім үлкен және әдемі. Мектепте көп сынып бар. Біздің сынып жарық және таза. Сыныпта тақта, парта және орындық бар. Үстел үстінде кітаптар жатыр. Мұғалім тақтаға жазады. Оқушылар сабақ оқиды. Мен мектебімді жақсы көремін (34 сөз).

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1.Мектеп қандай?

2.Сыныпта не бар?

2-тапсырма. Мәтіннен сөздерді тап және жаз.

Заттың атын білдіретін сөз	Сынды білдіретін сөз

3-тапсырма. Сұраулы сөйлем құрастыр.

Берілген сөздерден сұраулы сөйлем құрастыр.

1. мектепте, бар, не?

2-сыныпта аралық бағалау бойынша жалпы балл: 12 балл, оның ішінде диктантқа – 7 балл, мәтінмен жұмыс тапсырмаларына – 5 балл ұсынылады

Диктантты бағалау критерийі және дескрипторлары

№	Бағалау критерийі	Дескриптор: Білім алушы	Балл
1	Тыңдалған материал бойынша жазба жұмысын орындау	Мәтінді толық жазады, сөздер мен сөйлемдерді қалдырмайды	1
2	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	Әріптердің биіктігі мен мөлшерін сақтап, анық жазады	1
		Сөздерді көлбеу, үзбей және біркелкі жазады	1
3	Орфографиялық нормаларды сақтау	Орфографиялық қате жібермейді	2
		1 орфографиялық қате жібереді	1
		2 және одан көп орфографиялық қате жібереді	0
4	Пунктуациялық нормаларды сақтау	Пунктуациялық қате жібермейді	2
		1 пунктуациялық қате жібереді	1
		2 және одан көп пунктуациялық қате жібереді	0
Диктант бойынша жалпы балл саны			7

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескрипторлары

Бағалау критерийі	Тапсырмалар саны	Дескриптор: білім алушы	Балл
Мәтінмен жұмыс жасайды	3	1-тапсырманы орындайды	2
		2-тапсырманы орындайды	2
		3-тапсырманы орындайды	1
Мәтінмен жұмыс бойынша жалпы балл			5

Ескерту: педагог тапсырмалардың күрделілік деңгейіне қарай тапсырма санын және әр тапсырмаға берілетін балды дербес айқындайды.

ҚАЗАҚ ТІЛІ (ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ)
3-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Жанды табиғат»

Оқу мақсаты:

3.4.4.1 кең жолды дәптерге жазу, каллиграфиялық дағдыларды игеру: бас әріптер мен кіші әріптердің және олардың бірігуінің биіктігін, енін, көлбеулігін сақтау;

3.5.1.1 ауызша және жазбаша сөйлеуде заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату және қолдану, оларды жекеше/көпше түрде өзгерту;

Бақылау диктаны
Жанды және жансыз табиғат

Бізді қоршаған орта – табиғат. Табиғат екіге бөлінеді: жанды табиғат және жансыз табиғат. Аңдар, құстар, балықтар және өсімдіктер – жанды табиғат. Олар тыныс алады, өседі және қоректенеді. Ал күн, су, тас және ауа – жансыз табиғат. Олар өспейді және қоректенбейді. Біз табиғатты қорғауымыз керек.

1-тапсырма.

Мәтіннен заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді тиісті бағанға орналастырып жаз.

<u>Зат есім</u>	<u>Сын есім</u>	<u>Етістік</u>

2- тапсырма.

Мәтіннен берілген сөздерді көпше түрге өзгерт.

-лар-лер-дар-дер-тар-тер

Құс-_____, аң _____, тас _____, өсімдік _____

ҚАЗАҚ ТІЛІ (ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ)
3-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»

Оқу мақсаты:

3.4.1.1 берілген тақырып бойынша жүйелі байланысқан сөйлемдер жазу;

3.4.3.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану;

Бақылау диктаны
Әдепті бала

Әдепті бала үлкендерді әрқашан сыйлайды. Ол ата-анасына көмектеседі. Мектепте мұғалімін мұқият тыңдайды. Достарымен тату ойнайды. Үлкен кісі кездесе, сәлем береді. Қажет кезде көмек көрсетеді. Ол қоғамдық орындарда тәртіп сақтайды. Әдепті бала ешкімді ренжітпейді. Оның сөйлеуі сыпайы болады. Әдептілік – жақсы қасиет. (50 сөз) (6 балл)

1-тапсырма.

Мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемдерді дұрыс ретпен орналастырып жаз

А) Мектепте мұғалімін мұқият тыңдайды.

Ә) Үлкен кісі кездесе, сәлем береді.

Б) Ол ата-анасына көмектеседі.

В) Әдепті бала үлкендерді әрқашан сыйлайды.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

2- тапсырма.

Сөйлемдерді оқы. Соңына **. ? !** белгілерінің тиістісін қой.

1.Әдепті бала үлкендерді сыйлайды__

2.Сен ата-анаңа көмектесесің бе__

3.Қандай әдепті бала__

3-сыныпта аралық бағалау бойынша жалпы балл: 14 балл, оның ішінде диктантқа – 7 балл, мәтінмен жұмыс тапсырмаларына – 7 балл ұсынылады

Диктантты бағалау критерийі және дескриптор

№	Бағалау критерийі	Дескриптор: Білім алушы	Балл	
1	Тыңдалған материал бойынша жазба жұмысын орындау	Мәтінді толық жазады, сөздер мен сөйлемдерді қалдырмайды	1	
2	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	Әріптердің биіктігі мен мөлшерін сақтап, анық жазады	1	
		Сөздерді көлбеу, үзбей және біркелкі жазады	1	
3	Орфографиялық нормаларды сақтау	Орфографиялық қате жібермейді	2	
		1 орфографиялық қате жібереді	1	
		2 және одан көп орфографиялық қате жібереді	0	
4	Пунктуациялық нормаларды сақтау	Пунктуациялық қате жібермейді	2	
		1 пунктуациялық қате жібереді	1	
		2 және одан көп пунктуациялық қате жібереді	0	
	Диктант бойынша жалпы балл саны			7

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор: Білім алушы	Балл
Мәтінмен жұмыс жасайды	2	1-тапсырманы дұрыс орындайды	4
		2-тапсырманы дұрыс орындайды	3
Мәтінмен жұмыс бойынша жалпы балл			7

Ескерту: педагог тапсырмалардың күрделілік деңгейіне қарай тапсырма санын және әр тапсырмаға берілетін балды дербес айқындайды.

ҚАЗАҚ ТІЛІ (ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ)
4-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Менің Отаным – Қазақстан»

Оқу мақсаттары

4.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу және каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру

4.1.3.1* – тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау, кесте толтыру, кластер құрастыру.

4.3.4.1* – мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған «неліктен?», «не үшін?» сұрақтарын құрастыру және оған жауап беру.

Бақылау диктаны
Туған жерім – Қазақстан

Қазақстан – менің туған жерім. Мен елімді мақтан тұтамын. Қазақстанда биік таулар, кең далалар, әдемі көлдер мен өзендер бар. Табиғатымыз өте бай. Көктемде Айдос отбасымен тауға барды. Ол табиғатты тамашалады. Айдос жерде жатқан қоқысты көріп, оны жинап, арнайы жәшікке салды. Ол табиғатты қорғау керектігін түсінді (44 сөз).

1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Айдос кіммен бірге тауға барды?

2. Қазақстанның табиғаты қандай?

3. Айдос тауда нені тамашалады?

2-тапсырма. Кестені толтыр.

Мәтін бойынша кестені толтыр.

Кейіпкер	Қайда барды?	Не көрді?	Не істеді?
Айдос	_____	_____	_____

3-тапсырма. Сөйлемдерді толықтыр.

Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтыр.

1. Қазақстан – менің туған _____.

2. Мен елімді _____ тұтамын.

3. Ол _____ тамашалады.

4. Ол _____ қорғау керектігін түсінді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ (ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ)
4-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Құндылықтар»

Оқу мақсаттары:

4.4.3.1 сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгісін (үтір, қос нүкте)/қаратпа сөзден кейінгі сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану

4.5.1.5 өз бетінше сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас (салалас. себеп-салдарлық, қатынасты білдіретін жалғаулықтар арқылы) сөйлем құру

Бақылау диктаны
Жақсылық – асыл қасиет

Адам өмірінде достық, сыйластық, мейірімділік маңызды орын алады. Жақсы адам үлкендерді құрметтеп, кішілерге қамқор болады. Ол досына қиын кезде көмектеседі. Сыныпта оқушылар бір-бірін тыңдап, пікірін құрметтейді. Достық пен ынтымақ бар жерде адамдар тату болады. Сондықтан әрқашан адал, мейірімді және жауапты болуға тырысуымыз керек (44 сөз).

Тапсырма.

Мәтін бойынша тапсырмаларды орында.

- 1.** Мәтіннен бірыңғай мүшелері бар **2 сөйлемді** тауып жаз.
- 2.** Бірыңғай мүшелердің астын сыз.

3. Берілген сөздерден сөйлем құра.

- а)** Бір жай сөйлем.
- ә)** Бір құрмалас сөйлем.

Сөздер: дос, көмектесу, қиын кез, мейірімді.

4-сыныпта аралық бағалау бойынша жалпы балл: 16 балл, оның ішінде диктантқа – 7 балл, мәтінмен жұмыс тапсырмаларына – 9 балл ұсынылады

Диктантты бағалау критерийі және дескриптор

№	Бағалау критерийі	Дескриптор: Білім алушы	Балл
1	Тыңдалған материал бойынша жазба жұмысын орындау	Мәтінді толық жазады, сөздер мен сөйлемдерді қалдырмайды	1
2	Каллиграфиялық нормаларды сақтау	Әріптердің биіктігі мен мөлшерін сақтап, анық жазады	1
		Сөздерді көлбеу, үзбей және біркелкі жазады	1
3	Орфографиялық нормаларды сақтау	Орфографиялық қате жібермейді	2
		1 орфографиялық қате жібереді	1
		2 және одан көп орфографиялық қате жібереді	0
4	Пунктуациялық нормаларды сақтау	Пунктуациялық қате жібермейді	2
		1 пунктуациялық қате жібереді	1
		2 және одан көп пунктуациялық қате жібереді	0
	Диктант бойынша жалпы балл саны		7

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор: Білім алушы	Балл
Мәтінмен жұмыс жасайды	2	1-тапсырманы дұрыс орындайды	2
		2-тапсырманы дұрыс орындайды	5
		3-тапсырманы дұрыс орындайды	2
Мәтінмен жұмыс бойынша жалпы балл			9

Ескерту: педагог тапсырмалардың күрделілік деңгейіне қарай әр тапсырмаға берілетін балды дербес айқындайды.

2.3. 2–4-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН «ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» ПӘНІ БОЙЫНША АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Түсінік хат

«Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша аралық бағалау **шығарма немесе мазмұндама түрінде** жүргізіледі және оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмалармен толықтырылады.

Аралық бағалаудың мазмұны үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарына сәйкес айқындалады. Бағалау тапсырмалары білім алушының көркем шығарманың мазмұнын түсінуін, тақырыбы мен негізгі ойын анықтауын, оқиғалар мен кейіпкерлердің іс-әрекетін талдауын, мәтіндегі ақпаратты табу және түсіндіруін, сондай-ақ өз ойын ауызша және жазбаша түрде жүйелі жеткізуін бағалауға бағытталады.

Аралық бағалау жұмысы өзара байланысты екі бөліктен құралады:

- оқу сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмалар;
- шығарма немесе мазмұндама түріндегі жазба жұмыс.

Тапсырмаларды әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері, оқу бағдарламасының мазмұны, тоқсан ішінде меңгерілген оқу мақсаттары және әр сыныпқа белгіленген ең жоғары балл ескеріледі. Әр тапсырмаға бағалау критерийлері мен дескрипторлар әзірленеді.

Жазба жұмыстарының саны

Сынып	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Оқу жылында
2-сынып	2	2	2	2	8
3-сынып	2	2	2	2	8
4-сынып	2	2	2	2	8
Барлығы	6	6	6	6	24

Мазмұндама – білім алушының оқыған немесе тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінуін, негізгі ақпаратты анықтауын, мәтін құрылымын сақтай отырып, оны өз сөзімен жүйелі түрде жеткізуін бағалауға бағытталған жазба жұмыс.

Аралық бағалау аясында мазмұндама арқылы білім алушының:

- мәтін мазмұнын түсінуі;
- негізгі ақпаратты іріктей алуы;
- мәтінді жүйелі түрде мазмұндауы;
- жоспарды қолдануы;
- мәтіннің құрылымын сақтауы;
- өз ойын түсінікті жеткізуі;
- орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық нормаларды сақтауы анықталады.

Мазмұндамаға оқу мақсаттарын таңдау

Мазмұндама үшін мәтіннің мазмұнын түсінуге, тақырыбы мен негізгі ойын анықтауға, оқиғалардың реттілігін белгілеуге, жоспар құруға және мәтінді өз сөзімен мазмұндауға бағытталған оқу мақсаттары таңдалады.

Мазмұндама үшін оқу мақсаттары

н таңдағанда сөйлеу әрекетінің бірнеше түрі өзара байланыста қарастырылады:

- тыңдалым;
- оқылым;
- жазылым.

Мазмұндаманы жоспарлауға басшылыққа алатын оқу мақсаттарының мысалдары:

2-сынып

2.1.2.1* – шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау.

2.3.1.1 – мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру;

2.3.4.1 – мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету.

3-сынып

3.1.2.1* – шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау.

3.3.1.1 – мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру;

3.3.4.1 – орфографиялық және пунктуациялық қателерді өз бетінше табу және түзету мақсаттары қолданылуы мүмкін.

4-сынып

4.1.2.1* – шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау.

4.3.1.1 – оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру;

4.3.4.1 – өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету.

Тілдік пәндер бойынша мазмұндама жұмысын жоспарлауға негіз болатын үлгілік оқу бағдарламасының белгіленген оқу мақсаттарының жүйесі

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Тыңдалым және айтылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Шығарманың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша берілген	3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар	4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін

	сұрақтарға жауап беру	қою және жауап беру	сұрақтар қою және жауап беру
Шығарманы мазмұндау	2.1.2.1* шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау	3.1.2.1* шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау	4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау
Шығармадағы оқиғаны болжау	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру
Тыңдарманың назарын аударту	2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану	3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану
		3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану	4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау
Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді	3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді	4.1.5.1 өз ойы мен сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге

	пайдалана отырып жеткізу	қолдана отырып жеткізу	шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру
--	--------------------------	------------------------	--

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары:		
Оқу түрлерін қолдану	2.2.1.1 шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу	3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу	4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу
	2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу	3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып,сын тұрғысынан бағалап оқу	4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу
Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.2.1 мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу	3.2.2.1 қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау	2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
Әдеби шығарманың	2.2.4.1 мақал-мәтел,	3.2.4.1 өлең, мысал,	4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз,

жанрын анықтау	жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау
Шығарманың композициясын анықтау	2.2.5.1 мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуы мен аяқталуын анықтау	3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау	4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау
Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау	3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдеуіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу 2.2.7.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм)	3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдеуіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу 3.2.7.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм) нұсқасымен салыстыру	4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану 4.2.7.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру

	нұсқасымен салыстыру		
Көркем шығарма элементтерін салыстыру	2.2.8.1 мұғалімнің көмегімен сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау	3.2.8.1 эпизодтарды салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау	4.2.8.1 эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру

Мазмұндама тақырыбын таңдау

Мазмұндама тақырыбы:

- бағаланатын бөлімнің ортақ тақырыбына сәйкес болуы;
- білім алушының жас ерекшелігіне сай болуы;
- оқу мақсаттарымен тікелей байланысты болуы қажет.

Мазмұндама тақырыбын таңдауға негіз болатын 2-4 сыныптың пән бойынша үлгілік оқу бағдарламаларындағы ұзақ мерзімді жоспарларда берілген ортақ тақырыптар (Ұзақ мерзімді жоспар мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес таңдалады):

2-сынып: «Өзім туралы», «Менің отбасы және достарым», «Менің мектебім», «Менің туған өлкем», «Дені саудың жаны сау», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті», «Қоршаған орта», «Саяхат».

3-сынып: «Жанды табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Уақыт», «Сәулет өнері», «Өнер», «Атақты тұлғалар», «Су – тіршілік көзі», «Демалыс мәдениеті. Мерекелер».

4-сынып: «Менің отаным - Қазақстан», «Құндылықтар», «Мәдени мұра», «Мамандықтар әлемі», «Табиғат құбылыстары», «Қоршаған ортаны қорғау», «Ғарышқа саяхат», «Болашаққа саяхат».

Мазмұндама мәтінін таңдауға қойылатын талаптар

Мазмұндама мәтіні:

- білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес;
- бөлімде меңгерілген оқу мазмұнына сәйкес;
- мазмұны түсінікті;
- оқиғалары немесе ақпараттары логикалық байланысқан;
- негізгі ойы анық;
- құрылымы айқын;
- білім алушының өз сөзімен қайта мазмұндауына мүмкіндік беретін;
- мазмұндама көлемі тиісті сынып үшін белгіленген нормаларға сәйкес болуы тиіс.

Мәтінді таңдағанда оның мазмұны ғана емес, **мазмұндама арқылы оқу мақсаттары тексерілетіні** алдын ала анықталады.

Мазмұндама көлемі

Мазмұндама көлемі білім алушының сыныбына және оқу кезеңіне сәйкес белгіленеді.

Сынып	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық
2-сынып	35-40 сөз	40-45 сөз
3-сынып	50-55 сөз	65-70 сөз
4-сынып	75-80 сөз	85-95 сөз

Көлемнің өзі жеке бағалау критерийі ретінде алынбайды, егер ол оқу мақсатында тікелей көрсетілмесе.

Мазмұндама жұмысын ұйымдастыру

Мазмұндама жұмысын ұйымдастыру кезінде білім алушыға мәтінді түсінуге және оның мазмұнын жүйелеуге мүмкіндік беріледі.

Ұсынылатын жұмыс тәртібі:

1-кезең. Мәтінді тыңдау немесе оқу

Мұғалім мәтінді білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес ұсынады.

Білім алушы мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге назар аударады.

2-кезең. Мәтін мазмұнын түсіну

Білім алушы:

- мәтіннің тақырыбын анықтайды;
- негізгі кейіпкерлерді немесе негізгі ақпаратты анықтайды;
- негізгі оқиғаны/ақпаратты белгілейді;
- мәтіндегі маңызды тұстарды анықтайды.

3-кезең. Мәтін құрылымын анықтау

Мәтін:

басталуы → негізгі бөлімі → аяқталуы

бойынша қарастырылады.

4-кезең. Тірек сөздермен жұмыс

Қажет болған жағдайда білім алушыға мәтіннің негізгі мазмұнын жеткізуге көмектесетін тірек сөздер ұсынылады.

Тірек сөздер мәтіннің дайын көшірмесі болмауы керек. Олар білім алушыға негізгі мазмұнды еске түсіруге көмектесетін сөздер мен қысқа сөз тіркестері болуы тиіс.

5-кезең. Мазмұндама жазу

Білім алушы мәтінді:

- өз сөзімен;
- жоспарға сәйкес;
- негізгі мазмұнын сақтай отырып;
- логикалық ретпен жазады.

Мазмұндамаға тапсырма құрастыру

Аралық бағалауда мазмұндамаға берілетін тапсырма қысқа әрі нақты болуы тиіс.

2-сыныпқа

Тыңдалған мәтінді тірек сөздер мен дайын жоспарды пайдаланып, өз сөзіңмен мазмұндап жаз.

3-сыныпқа

Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша өз сөзіңмен мазмұндап жаз.

4-сыныпқа

Мәтіннің негізгі мазмұнын сақтай отырып, жоспарға сәйкес өз сөзіңмен толық мазмұндап жаз.

Мазмұндамаға қосымша тапсырмаларды ұсыну

Мазмұндамаға қосымша тапсырмалар ұсынуға болады, бірақ олардың әрқайсысы меңгерілген бөлім бойынша оқу мақсатына сәйкес болуы қажет.

Мысалы:

1-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша мазмұндама жаз.

2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ құрастыр және оған жауап бер.

3-тапсырма. Мәтінге сәйкес иллюстрацияны анықта.

4-тапсырма. Мәтіндегі қателерді тауып, түзет.

Алайда барлық тапсырманы бір жұмысқа міндетті түрде енгізу қажет емес.

Егер аралық бағалаудың негізгі мақсаты мазмұндама жазу дағдысын бағалау болса, қосымша тапсырмалар саны білім алушының негізгі жазба жұмысына түсетін жүктемені арттырмайтындай болуы тиіс.

Мазмұндаманы бағалау критерийлері

Мазмұндамада бағалау критерийлері білім алушының мәтінді қаншалықты түсініп, оны өз сөзімен жүйелі жеткізгенін көрсетуі тиіс.

Ұсынылатын бағалау құрылымының үлгісі:

№	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
1	1.1 Мәтін мазмұнын түсіну	Мәтінді мазмұндайды	1 балл
2	2.2 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады 2-сынып – 1 сұрақ; 3-сынып – 2 сұрақ; 4-сынып – 3 сұрақ	1 балл
		Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап береді	1 балл
3	2.3 Мәтіннің тақырыбын анықтау	Тақырыпқа сәйкес мазмұндама жазады.	1 балл
4	2.5 Мәтіннің құрылымын сақтау	Мазмұндау құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	1 балл
5	3.1 Мәтіннің жоспарын құру (2-3-сыныптарда мұғалім көмегімен жоспарлайды;	Жоспарға сәйкес мазмұндама жазады.	1 балл

	4-сыныпта білім алушы жоспарлайды)		
6	3.4 Қатені табу және түзету	Қатесін тауып, түзетеді.	1 балл
Барлығы			7 балл

Шығарма білім алушының берілген тақырып бойынша **өз ойын және сезімін жазбаша түрде жеткізу**, мәтінді құрылымдау, жоспарлау және жазба жұмысын тілдік нормаларға сәйкес орындау дағдыларын тексеруге бағытталады.

Оқу мақсаттарын таңдау

Бағаланатын жазба жұмысының мазмұны оқу мақсатында көзделген оқу дағдысымен сәйкес келуіне назар аудару керек.

Негізгі оқу мақсаттары ретінде:

- **өз ойын, сезімін жеткізу;**
- **шығарманың тақырыбын анықтау;**
- **шығарманың құрылымын анықтау;**
- **шығарманың жоспарын құру;**
- **қатені табу және түзету**

сияқты шығарманы орындау барысында тікелей тексерілетін мақсаттар алынады.

Маңызды: барлық оқу мақсаттарын бір шығармаға енгізу міндетті емес. Тек берілген тапсырма арқылы нақты бағалауға болатын оқу мақсаттары таңдалады.

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары:		
Шығарманың жоспарын құру	2.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру	3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру	4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру
Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	2.3.2.1* мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып	3.3.2.1* шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу	4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу

	шумақтар, санамақтар құрастыру		
Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер пайдаланып, шығармашылық жұмыс жазу	3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну	4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну
Қатені табу және түзету	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету	3.3.4.1 көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету	4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету

Тақырыпты таңдау

Шығарма тақырыбы:

- бағаланатын бөлімнің ортақ тақырыбына сәйкес болуы;
- білім алушының жас ерекшелігіне сай болуы;
- өз ойын білдіруге мүмкіндік беруі;
- білім алушыдан дайын мәтінді қайталауды емес, өз ойын құрастырып жазуды талап етуі қажет.

Шығарма тақырыбын таңдауға негіз болатын 2-4 сыныптың пән бойынша үлгілік оқу бағдарламаларындағы ұзақ мерзімді жоспарларда берілген ортақ тақырыптар:

2-сынып: «Өзім туралы», «Менің отбасы және достарым», «Менің мектебім», «Менің туған өлкем», «Дені саудың жаны сау», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті», «Қоршаған орта», «Саяхат».

3-сынып: «Жанды табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Уақыт», «Сәулет өнері», «Өнер», «Атақты тұлғалар», «Су – тіршілік көзі», «Демалыс мәдениеті. Мерекелер».

4-сынып: *«Менің отаным - Қазақстан», «Құндылықтар», «Мәдени мұра», «Мамандықтар әлемі», «Табиғат құбылыстары», «Қоршаған ортаны қорғау», «Ғарышқа саяхат», «Болашаққа саяхат».*

Шығарманың көлемі

Шығарманың көлемі білім алушының сыныбына және оқу кезеңіне сәйкес белгіленеді.

Сынып	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық
2-сынып	30-35 сөз	35-40 сөз
3-сынып	50-55 сөз	55-70 сөз
4-сынып	75-85 сөз	90-100 сөз

Жазба жұмысының көлемі білім алушының ойын толық жеткізуіне мүмкіндік беруі тиіс. Жазба жұмысының **көлемі өзі жеке бағалау критерийі ретінде алынбайды.**

Шығарма тапсырмасын құрастыру

Тапсырмада білім алушыға:

- шығарма тақырыбы;
- қажет болған жағдайда тірек сөздер немесе сурет;
- жоспар құруға арналған нұсқау;
- шығарманың көлемі;
- орындауға қойылатын негізгі талаптар нақты көрсетіледі.

2-сыныпта білім алушының ойын жеткізуіне көмектесу үшін тірек сөздер, сұрақтар немесе дайын жоспар ұсынылуы мүмкін.

3-сыныпта мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді анықтау мен жоспарды құруға мүмкіндік беріледі.

4-сыныпта білім алушы шығарманың жоспарын өздігінен құрады.

Шығарманы орындау кезеңдері

1-кезең. Тақырыпты түсіну, білім алушы шығарма тақырыбын оқиды, тақырыптың мазмұнын түсінеді.

2-кезең. Ойды жоспарлау, білім алушы шығарманың негізгі ойын анықтап, жоспар құрады немесе ұсынылған жоспарды пайдаланады.

3-кезең. Шығарманы жазу, білім алушы тақырып бойынша өз ойын, сезімін жүйелі түрде жазады.

4-кезең. Көркемдеу, сынып деңгейіне сәйкес көркем-бейнелі сөздер мен көркемдеуіш құралдарды қолданады.

5-кезең. Тексеру және түзету, білім алушы жазған жұмысын қайта оқып, орфографиялық, пунктуациялық және басқа қателерін тауып, түзетеді.

Бағалау критерийлері

Шығарманы бағалау кезінде критерийлер шығарма барысында нақты байқалатын әрекеттерге негізделуі керек.

№	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
1	Берілген тақырып бойынша ойын және сезімін білдіру	Тақырып бойынша өз ойын жазады	1 балл
		- 2-сынып - өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізеді - 3-сынып - өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізеді - 4-сынып - өз ойы мен сезімін салыстыра отырып жеткізеді	1 балл
2	Шығарманың тақырыбын анықтау	Шығарманы тақырыпқа сәйкес жазады	1 балл
3	Шығарманың құрылымын анықтау	Шығарма құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	1 балл
4	Жазуда әдеби көркемдеуіш құралдарды қолдану	Шығармада көркем-бейнелі сөздерді қолданады: - 2-сынып – берілген көркемдеуіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) қолданады - 3-сынып – берілген көркемдеуіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет) қолданады - 4-сынып – көркемдеуіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет) қолданады	1 балл
5	Шығарманың жоспарын құру (2-3-сыныптарда мұғалім көмегімен жоспарлайды; 4-сыныпта білім алушы жоспарлайды)	Шығармаға жоспар құрады	1 балл
6	Қатені табу және түзету	Қатесін тауып, түзетеді.	1 балл
Барлығы			7 балл

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ
2-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Өзім туралы»

Оқу мақсаттары:

2.2.2.1 мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу;

2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу;

2.3.2.1* мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру;

2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету.

Шығарма

Педагог шығарма жазуды ұсынбас бұрын, білім алушыларға үлгілік мәтінді оқып береді. Ал білім алушы сұрақтарға жауап беру арқылы өз шығармасын жазады.

«Менің арманым» (үлгілік мәтін)

Айдостың арманы – дәрігер болу. Ол адамдарға көмектескенді ұнатады. Айдос сабақтарын жақсы оқиды. Әсіресе дүниетану пәніне қызығады. Ол болашақта білімді әрі мейірімді дәрігер болғысы келеді.

I. Білім алушыны шығарма жазуға дайындау және бағытау сұрақтары қойылады.

Айдостың арманы қандай?

Ол арманына жету үшін не істеп жүр?

Сенің арманың қандай?

II. Шығарма жазуға бағыттау. Жазу алгоритмі:

1. Мен кімін? → Нені ұнатамын? → Менің арманым қандай? → Неліктен осыны армандаймын? → Арманыма жету үшін не істеймін?

2. Шығарма құрастырайық.

Тақырыбы: «Мен және менің арманым»

Жоғарыдағы сұрақтарға берген жауаптарыңды байланыстырып, «Мен және менің арманым» тақырыбында шығарма жаз.

Тірек сөздерді пайдалан.

Тірек сөздер: менің атым, жасым, сыныбым, отбасым, бос уақытым, ұнатамын, сүйікті пәнім, менің арманым, болашақта, білімді, мейірімді, еңбек ету, жақсы оқу.

Шығарманы бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
1	Берілген тақырып бойынша ойын және сезімін білдіру	Тақырып бойынша өз ойын жазады	1 балл
		<i>2-сынып - өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізеді</i>	1 балл
2	Шығарманың тақырыбын анықтау	Шығарманы тақырыпқа сәйкес жазады	1 балл
3	Шығарманың құрылымын анықтау	Шығарма құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	1 балл
4	Жазуда әдеби көркемдеуіш құралдарды қолдану	Шығармада көркем-бейнелі сөздерді қолданады: <i>2-сынып – берілген көркемдеуіш құралдарды (теңеу, кейінтеу) қолданады</i>	1 балл
5	Шығарманың жоспарын құру (2-3-сыныптарда мұғалім көмегімен жоспарлайды;	Шығармаға жоспар құрады	1 балл
6	Қатені табу және түзету	Қатесін тауып, түзетеді.	1 балл
Барлығы			7 балл

Тапсырма

Өзің жазған «Мен және менің арманым» шығармасын қайта оқы. Мәтініңнен арманға жету жолын білдіретін 2 сөйлемді тауып, астын сыз.

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Өз мәтінін тексереді	2	Өз шығармасынан арманға жету жолын білдіретін 2 сөйлемді дұрыс табады.	3
		Табылған сөйлемдердің астын сызады.	2
			5

Барлығы:12 балл

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ
2-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Менің отбасым және достарым»

Оқу мақсаттары:

2.1.2.1 шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау;

2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау;

2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету.

МАЗМҰНДАМА

«Қатқан нан»

Арманның әкесі наубайшы болып істейді. Ол он жыл бойы үздіксіз нан пісіріп келеді. Таңертең ерте, күн шықпастан тұрып жұмысына кетеді. Түс кезінде дүкендерге жаңа ғана пештен шыққан ыстық нан жеткізіледі. Мектеп асханасына да сондай нан әкелінеді.

Бүгін Арманның әкесі ауырып қалды. Он жыл ішінде ол алғаш рет жұмысына барған жоқ. Оның төсегінің жанында шешесі отыр.

- Арман, оқушылар бүгін жаңа піскен нан жемейді... – деді анасы жай ғана.

Түсте балалар асханаға келді. Үстел үстінде кешеден қалған нан тіліктері қойылған.

- Бүгін неге қатқан нан берілген? – деп сұрады балалар.

- Менің әкем ауырып қалды, сондықтан бүгін қатқан нан жейміз, – деді Арман.

Балалар қатқан нанның қиқымын еденге түсірмеуге тырысып, сақтықпен алып жеп отыр.

Жоспар:

1. Арманның әкесі – наубайшы.
2. Асханадағы қатқан нан.
3. Балалардың нанды қадірлеуі.

Мазмұндаманы бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
1	1.1 Мәтін мазмұнын түсіну	Мәтінді мазмұндайды	1 балл
2	2.2 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады 2-сынып – 1 сұрақ;	1 балл

		Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап береді	1 балл
3	2.3 Мәтіннің тақырыбын анықтау	Тақырыпқа сәйкес мазмұндама жазады.	1 балл
4	2.5 Мәтіннің құрылымын сақтау	Мазмұндау құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	1 балл
5	3.1 Мәтіннің жоспарын құру (2-3-сыныптарда мұғалім көмегімен жоспарлайды;	Жоспарға сәйкес мазмұндама жазады.	1 балл
6	3.4 Қатені табу және түзету	Қатесін тауып, түзетеді.	1 балл
Барлығы			7 балл

Тапсырма:

1. Арманның әкесі қандай адам екенін анықта. Мәтіннен оның мінезін білдіретін 2 әрекетті тауып жаз.
2. Арманның әкесі – _____ адам.

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Мәтін мазмұны бойынша себеп-салдарлық байланысты анықтайды.	3	Арманның әкесінің мінезін сипаттайтын сөзді анықтайды.	1
		Мәтіннен бірінші әрекетін дұрыс табады.	2
		Мәтіннен екінші әрекетін дұрыс табады.	2
Барлығы			5

Барлығы:12 балл

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ
3-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Жанды табиғат»

Оқу мақсаттары:

3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау;

3.2.2.1 шығарма мазмұны бойынша қолдануға (практикалық), бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру;

3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру;

3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету.

Мазмұндама

«Айбардың қамқорлығы»

Күздің шуақты бір күнінде Айбар мектептен келе жатып, жол жиегінде ұша алмай отырған кішкентай торғайдың балапанын көрді. Балапан қанатын қағып, әлсіз дыбыстап жатыр екен.

Айбар балапанды абайлап қолына алды. Ол айналасына көз жүгіртіп, құстың ұясын іздей бастады. Ұя үйдің шатырының астында орналасқан екен. Баланың даусын естіген атасы баспалдақ әкелді. Екеуі балапанды абайлап ұясына қайта салды.

Бірнеше күннен кейін Айбар сол жерден тағы өтті. Ұяның жанында торғайлардың ұшып жүргенін көрді. Айбардың қуанышында шек болмады. Ол табиғатқа жасаған кішкентай жақсылығының құсқа үлкен көмек болғанын түсінді.

Педагог мазмұндама мәтінін 2-3 рет оқып, білім алушылармен бірге жоспар құрады. Түсініксіз сөздерді тақтаға жазып қояды. Сөздік жұмысы жүргізіледі.

Жоспары:

1. Айбардың балапанды табуы.
2. Балапанның ұясына оралуы.
3. Табиғатқа жасаған жақсылық.

Мазмұндаманы бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
1	1.1 Мәтін мазмұнын түсіну	Мәтінді мазмұндайды	1 балл
2		Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады	1 балл

	2.2 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3-сынып – 2 сұрақ; Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап береді	1 балл
3	2.3 Мәтіннің тақырыбын анықтау	Тақырыпқа сәйкес мазмұндама жазады.	1 балл
4	2.5 Мәтіннің құрылымын сақтау	Мазмұндау құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	1 балл
5	3.1 Мәтіннің жоспарын құру (2-3-сыныптарда мұғалім көмегімен жоспарлайды;	Жоспарға сәйкес мазмұндама жазады.	1 балл
6	3.4 Қатені табу және түзету	Қатесін тауып, түзетеді.	1 балл
	Барлығы		7 балл

Тапсырма:

2. Мәтіндегі кейіпкер Айбардың іс-әрекетін бағалауға арналған бір сұрақ құрастырып жаз.

3. «Баспалдақ» сөзінің мағынасын түсіндір, сен оны қай кезде қолданар едің? Жаз.

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Бағалауға арналған сұрақ құрастырады.	1	Мәтіндегі кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға арналған сұрақ құрастырады.	3
Сөз мағынасын түсіндіреді, қолданылуын түсіндіреді.	2	«Баспалдақ» сөзінің мағынасын түсіндіреді.	2
		Білім алушы күнделікті өмірде қалай қолданатынын түсіндіреді.	2
			7

Барлығы: 14

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ
3-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»

Оқу мақсаттары:

3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу;

3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау;

3.3.2.1 шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу;

3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету.

Шығарма

«Адал дос»

Педагог ұйымдастыру кезеңінде тақырыпты ашу мақсатында жетелеуші сұрақтар қояды.

1. Сенің досың бар ма, оның қандай жақсы қасиеттері бар?
2. Адал дос қандай болады? Адал досқа тән 2–3 қасиетті ата.
3. Досың қиындыққа тап болса, сен оған қалай көмектесер едің?

Жетелеуші сұрақтардан кейін білім алушылар «Адал дос» тақырыбына өз ойларын жазады.

Шығарманы бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
1	Берілген тақырып бойынша ойын және сезімін білдіру	Тақырып бойынша өз ойын жазады	1 балл
		<i>3-сынып - өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізеді</i>	1 балл
2	Шығарманың тақырыбын анықтау	Шығарманы тақырыпқа сәйкес жазады	1 балл
3	Шығарманың құрылымын анықтау	Шығарма құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	1 балл
4	Жазуда әдеби көркемдеуіш құралдарды қолдану	Шығармада көркем-бейнелі сөздерді қолданады:	1 балл

		<i>3-сынып – берілген көркемдеуіш құралдарды (теңеу, кейінтеу, эпитет) қолданады</i>	
5	Шығарманың жоспарын құру (2-3-сыныптарда мұғалім көмегімен жоспарлайды;	Шығармаға жоспар құрады	1 балл
6	Қатені табу және түзету	Қатесін тауып, түзетеді.	1 балл
Барлығы			7 балл

Тапсырма:

1.Дос туралы бір шумақ өлеңді толықтырып жаз.

Досым менің – жан досым,

Бірге ойнап, _____.

Қиналсам да қасымда, _____.

2.«Адал дос» тақырыбына төрт тірек-сөз жаз.

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Өлеңді толықтырып жазады.	1	Мағынасы жуық сөздерді қолданады.	2
		Ұйқасын сәйкес келтіреді.	1
		Сөздерді қатесіз жазады.	1
Тірек сөздерді тауып жазады.	2	Тақырыпқа сәйкес үш тірек сөз жазады.	2
		Тақырыпқа сай тиісті сөздерді таңдайды.	1
Барлығы			7

Барлығы:14 балл

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ
4-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Менің Отаным – Қазақстан»

Оқу мақсаттары:

4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу;

4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру;

4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру;

4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету.

Мазмұндама
«Ағаштың досы»

Айдос атасымен бірге ауыл шетіндегі саябаққа барды. Олар жол бойындағы жас көшеттерді көрді. Бір ағаштың бұтақтары сынып, жапырақтары солып қалыпты. Айдос ағашты аяп, атасынан оның себебін сұрады. Атасы бірнеше күн бұрын қатты жел соққанын айтты. Бала сынған бұтақтарды жинап, ағаштың түбін тазалады және су құйды. Ол ағашқа күн сайын қамқорлық жасап жүрді. Сонымен қатар ағаштың айналасына адамдардың қоқыс тастамауын қадағалады. Атасы немересіне ағаштардың адамға таза ауа сыйлайтынын, ал құстарға мекен болатынын түсіндірді.

Айдос атасының сөздерін мұқият тындап, табиғатты қорғау әр адамның міндеті екенін түсінді. Бір аптадан кейін ағаштың жапырақтары қайта жайқала бастады. Бір күні Айдос ағаштың түбінен кішкентай құстың ұясын байқап қалды. Ұяда бірнеше жұмыртқа бар екен. Бала табиғатқа жасаған қамқорлығының нәтижесін көріп, қатты қуанды. Ол құстарға да қамқор болуға шешім қабылдады. Айдос бұл оқиғадан табиғатты аялау үлкен жауапкершіліктен басталатынын түсінді.

Жоспар:

1. Айдостың саябаққа баруы.
2. Ағашқа жасалған қамқорлық.
3. Табиғатты қорғаудың нәтижесі.

Мазмұндаманы бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
1	1.1 Мәтін мазмұнын түсіну	Мәтінді мазмұндайды	1 балл
2	2.2 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады <i>4-сынып – 3 сұрақ</i>	1 балл
		Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап береді	1 балл
3	2.3 Мәтіннің тақырыбын анықтау	Тақырыпқа сәйкес мазмұндама жазады.	1 балл
4	2.5 Мәтіннің құрылымын сақтау	Мазмұндау құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	1 балл
5	3.1 Мәтіннің жоспарын құру <i>4-сыныпта білім алушы жоспарлайды)</i>	Жоспарға сәйкес мазмұндама жазады.	1 балл
6	3.4 Қатені табу және түзету	Қатесін тауып, түзетеді.	1 балл
Барлығы			7 балл

1-тапсырма. Мәтіннің тақырыбы мен қорытынды бөліміне сүйеніп, оқиғаның әрі қарай қалай дамитынын болжа. Болжамыңды 2–3 сөйлеммен түсіндіріп жаз.

2-тапсырма. Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, оқиғаны жалғастыр. Жаңа сюжет ойлап тауып, соңында оқиғаға байланысты төрт жолды өлең құрастыр.

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма	№	Дескриптор	Балл
Мәтіннің тақырыбы мен қорытындысына сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды.	1-тапсырма	1	Оқиғаның әрі қарайғы дамуына болжам жасайды.	2
		2	Болжамын мәтіндегі оқиғамен байланыстырады.	2
		3	Болжамының себебін түсіндіреді.	2
		4	Ойын жүйелі, түсінікті жеткізеді.	2
		5	Сөйлем құрылымын сақтайды.	1
Барлығы:				9

Барлығы: 16 балл

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ
4-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: «Мәдени мұра»

Оқу мақсаттары:

4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу;

4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру;

4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру;

4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету.

Шығарма
«Кішкентай көшет»

Педагог ұйымдастыру кезеңінде тақырыпты ашу мақсатында жетелеуші сұрақтар қояды.

1. Аян саябақтан қандай жағдайды көрді? Ол көшетке қандай көмек көрсетті?

2. Әкесі Аянға ағаштардың адам мен табиғат үшін қандай пайдасы бар екенін қалай түсіндірді?

3. Аян көшетке қамқорлық жасау үшін күн сайын қандай жұмыстар атқарды?

4. Көшеттің жайқалып өсуі Аянға қандай сезім сыйлады? Оның табиғатты қорғауға деген көзқарасы қалай өзгерді?

5. Сен Аяның орнында болсаң, табиғатты қорғау үшін қандай әрекеттер жасар едің? Бұл әрекет басқа адамдарға қалай үлгі бола алады?

Шығарманы бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
1	Берілген тақырып бойынша ойын және сезімін білдіру	Тақырып бойынша өз ойын жазады	1 балл
		4-сынып - өз ойы мен сезімін салыстыра отырып жеткізеді	1 балл
2	Шығарманың тақырыбын анықтау	Шығарманы тақырыпқа сәйкес жазады	1 балл

3	Шығарманың құрылымын анықтау	Шығарма құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	1 балл
4	Жазуда әдеби көркемдеуіш құралдарды қолдану	Шығармада көркем-бейнелі сөздерді қолданады: <i>4-сынып – көркемдеуіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет) қолданады</i>	1 балл
5	Шығарманың жоспарын құру <i>4-сыныпта білім алушы жоспарлайды)</i>	Шығармаға жоспар құрады	1 балл
6	Қатені табу және түзету	Қатесін тауып, түзетеді.	1 балл
	Барлығы		7 балл

1-тапсырма. «Оқиға желісін жалғастыр»

Мәтіннің соңғы сөйлеміне сүйеніп, оқиғаның әрі қарайғы дамуын 4–5 сөйлеммен болжап жаз. Болжамында:

- саябақта қандай өзгеріс болғанын;
- Аяанның не істегенін;
- адамдардың табиғатты қорғауға қалай атсалысқанын жаз.

2-тапсырма. «Кейіпкер күнделігі»

Өзінді Аяанның орнына қойып, оның атынан күнделік жаз. Мәтіндегі оқиғаны қайта құрып, жаңа кейіпкер енгіз. Соңында табиғатты қорғауға байланысты төрт жолды өлең жаз.

Тапсырмаларды бағалау критерийі және дескрипторлар

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Мәтіннің қорытындысына сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды.	1	Оқиғаның әрі қарайғы дамуына болжам жасайды.	2
	2	Болжамына мәтін мазмұнын негіз етеді.	2
	3	Адамдардың табиғатқа көмегін сипаттайды.	3
	4	Аяанның әрекетін жалғастырады.	2
Барлығы			9

Барлығы: 16 балл

2.4. 2–4-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН «МАТЕМАТИКА» ПӘНІ БОЙЫНША АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес «Математика» оқу пәні бойынша аралық бағалау білім алушылардың математикалық сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмаларды қамтитын бақылау жұмысы түрінде өткізіледі.

Бақылау жұмыстары бастауыш білім беру деңгейінің «Математика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген бөлімдер, бөлімшелер және оқу мақсаттарына сәйкес құрастырылады. Тапсырмалар оқу материалының тоқсандар бойынша берілу ретіне сай жүйеленеді.

Мақсаты – 2–4-сыныптарда «Математика» оқу пәні бойынша аралық бағалауды ұйымдастыру және өткізу, бақылау жұмыстарын әзірлеу, бағалау критерийлері мен дескрипторларды құрастыру және білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау бойынша педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету.

Әдістемелік ұсынымдарда «Математика» оқу пәні бойынша аралық бағалаудың мақсаты мен ерекшеліктері, бақылау жұмыстарын жоспарлау және өткізу тәртібі, тапсырмаларды құрастыру тәсілдері, оқу мақсаттарын іріктеу, бағалау критерийлері мен дескрипторларды әзірлеу және балл қою жолдары қарастырылады.

Бақылау жұмыстарын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін, оқу материалының мазмұны мен күрделілік деңгейін, математикалық және функционалдық сауаттылығын ескеру жөнінде ұсынымдар беріледі. Сонымен қатар есептеу, есептің шартын талдау және шешу, математикалық модель құру, логикалық ойлау, шамалар мен геометриялық фигуралармен жұмыс істеу, заңдылықтарды анықтау және меңгерген білімін практикалық жағдаяттарда қолдану дағдыларын бағалау тәсілдері ұсынылады.

Бақылау жұмыстарының саны

Жинақтағы бақылау жұмыстары сыныптар мен тоқсандар бойынша төмендегідей бөлінген:

Сынып	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Оқу жылында
2-сынып	3	3	3	3	12
3-сынып	3	3	3	3	12
4-сынып	3	2	3	3	11
Барлығы	9	8	9	9	35

Ескерту

Кестеде көрсетілген бақылау жұмыстарының саны жинақта ұсынылған тапсырмалардың бөлінуін көрсетеді. Педагог аралық бағалау жұмыстарын оқу бағдарламасында бөлімдердің берілу ретіне сәйкес жоспарлайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес аралық бағалау бөлімді немесе бірнеше бөлімді оқып-үйрену аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Осыған байланысты тоқсан ішінде төрт және одан да көп бөлім қарастырылған жағдайда білім алушыларға түсетін бағалау жүктемесін оңтайландыру мақсатында мазмұны өзара сабақтас бөлімдерді бір бақылау жұмысына біріктіруге болады.

Бөлімдерді біріктіру кезінде олардың мазмұндық байланысы, оқу мақсаттарының саны мен күрделілік деңгейі ескеріледі. Біріктірілген бақылау жұмысының тапсырмалары қамтылған бөлімдер бойынша негізгі оқу мақсаттарының меңгерілу деңгейін анықтауға мүмкіндік беруі тиіс.

Педагог қажет болған жағдайда жинақта ұсынылған тапсырмаларды оқу мақсаттарына сәйкес бейімдейді, толықтырады немесе баламалы тапсырмалар әзірлейді. Бұл ретте бір аралық бағалау жұмысының ең жоғары балы өзгермейді.

Мысалы, 4-сыныптың I тоқсанында мазмұндық сабақтастығы бар 1В «Біртаңбалы санға көбейту және бөлу» және 1С «Жылдамдық, уақыт, арақашықтық» бөлімдері бойынша аралық бағалауды бір бақылау жұмысы арқылы өткізу ұсынылады. Қозғалысқа берілген есептерді шығару барысында білім алушылар көбейту және бөлу амалдарын қолданып, математикалық білімін практикалық жағдаяттарда пайдаланады.

Бақылау жұмысын әзірлеу бойынша ұсынымдар

Бақылау жұмысы бөлімді немесе мазмұны өзара байланысты бірнеше бөлімді оқып-үйрену аяқталғаннан кейін өткізіледі. Бақылау жұмысының мазмұны оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарына және білім алушылар өткен оқу материалына сәйкес болуы тиіс.

Бақылау жұмысын әзірлеу кезінде:

- тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай орналастырылады;
- тапсырмалардың мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, қысқа әрі түсінікті тілде беріледі;
- есептеу, есептің шартын талдау және шешу, математикалық модель құру, логикалық ойлау және білімді практикалық жағдаяттарда қолдану дағдыларын бағалайтын тапсырмалар қамтылады;
- сызбалар, кестелер, диаграммалар мен басқа да көрнекі материалдар анық әрі түсінікті рәсімделеді;
- бір тапсырманы орындау кезінде жіберілген қатенің келесі тапсырмаларды орындауға негізсіз әсер етпеуі ескеріледі;
- ұсынылған нұсқалар мазмұны, күрделілік деңгейі және ең жоғары балы бойынша теңестіріледі.

Педагог бағаланатын оқу мақсаттарын, тапсырмалардың мазмұны мен күрделілік деңгейін ескере отырып, тапсырмалар санын, бағалау критерийлерін, дескрипторларды және әр тапсырмаға берілетін балды дербес айқындайды. Бұл ретте тиісті сынып үшін белгіленген бір аралық бағалау жұмысының ең жоғары балы сақталады.

Бақылау жұмысын ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар

Бақылау жұмысын бастар алдында педагог білім алушыларға жұмыстың орындалу уақытын, тапсырмалар санын және жұмысты рәсімдеу тәртібін түсіндіреді. Тапсырманың орындалу тәсілін көрсететін немесе білім алушыны дұрыс жауапқа бағыттайтын қосымша түсіндірме берілмейді.

Бақылау жұмысын орындауға 40 минут беріледі. Осы уақыт ішінде білім алушы тапсырмаларды орындайды және жұмысын тексереді.

Білім алушыға:

- тапсырмаларды ұсынылған немесе өзіне қолайлы ретпен орындауға;
- есептің қысқаша шартын, сызбасын, кестесін немесе математикалық моделін құруға;
- есептеу амалдарын жазбаша орындауға;
- шешу жолын және жауабын көрсетуге;
- жұмыс соңында орындалған тапсырмаларды тексеруге мүмкіндік беріледі.

Бақылау жұмысын орындау барысында білім алушының аралық есептеулері, есептің шешу жолы және жауабы дәптерде көрсетіледі.

Калькуляторды және басқа да қосымша құралдарды қолдану бағаланатын оқу мақсаты мен тапсырманың мазмұнына байланысты педагог тарапынан алдын ала айқындалады. Егер тапсырма білім алушының есептеу дағдысын бағалауға бағытталса, калькулятор қолдануға жол берілмейді.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға олардың жеке мүмкіндіктері мен білім беру қажеттіліктеріне сәйкес қосымша уақыт, үлкейтілген қаріп, визуалды тірек, тапсырманы бөліктерге бөліп ұсыну, тыныш жұмыс орны және қажетті техникалық құралдар ұсынылуы мүмкін. Көрсетілетін қолдау тапсырманың мазмұны мен бағаланатын оқу мақсатын өзгертпеуі тиіс.

Бақылау жұмысын дәптерде орындау бойынша ұсынымдар

«Математика» оқу пәні бойынша аралық бағалауды бақылау жұмыстарына арналған арнайы дәптерде орындау ұсынылады.

Білім алушы тапсырмаларды ретімен орындап, әр тапсырманың нөмірін көрсетеді. Есептің қысқаша шарты, шешуі, орындалған амалдар, өлшем бірліктері және жауабы жазылады. Геометриялық тапсырмалар сызғыш пен қарындашты қолдану арқылы орындалады.

Қате жазылған сан, таңба немесе өрнек ұқыпты сызылып, дұрыс нұсқасы жанына жазылады. Қатені түзету құралдарын қолдану ұсынылмайды. Жұмыстағы жазбалар анық, ретімен және тексеруге қолайлы түрде рәсімделуі тиіс.

Арнайы дәптерді педагог сақтайды. Дәптер аралық бағалау нәтижелерін талдау, білім алушының оқу жетістіктеріндегі өзгерістерді бақылау және алдағы оқу жұмысын жоспарлау үшін пайдаланылады.

Балл қою жүйесі

Бір аралық бағалау жұмысының ең жоғары балы білім алушылардың сынып деңгейіне сәйкес белгіленеді:

Сынып	Бір бақылау жұмысының ең жоғары балы
2-сынып	12 балл
3-сынып	14 балл
4-сынып	16 балл

Мысалы, жинақтағы 2-сыныптың алғашқы бақылау жұмысында бағаланатын оқу мақсаттары көрсетіліп, тапсырмалар I және II нұсқада ұсынылған. Әр нұсқа бойынша білім алушының жинайтын ең жоғары балы – 12 балл.

Әр бақылау жұмысында оқу мақсаттары, білім алушыға арналған тапсырмалар, бағалау критерийлері, дескрипторлар, I және II нұсқалардың жауаптары мен балл қою тәртібі берілген. Дескрипторлар білім алушының тапсырманы орындау барысында жүзеге асыратын нақты әрекеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

Балл қою бойынша ұсынымдар

Балл тапсырмаларды орындау нәтижесіне сәйкес бағалау критерийлері мен дескрипторлар негізінде қойылады. Бірнеше әрекеттен тұратын тапсырманы бөліктер бойынша бағалауға болады. Мұндай жағдайда әрбір дұрыс орындалған әрекетке жеке балл беріледі.

Егер білім алушы есептеу барысында қате жібергенімен, есепті шығару тәсілін дұрыс таңдаса, дұрыс математикалық модель құрса немесе кейінгі әрекеттерді дұрыс орындаса, дескрипторларға сәйкес дұрыс орындалған әрекеттері үшін тиісті балл қойылады. Бір қате үшін балл бірнеше рет төмендетілмеуі тиіс.

Білім алушы тапсырманы ұсынылған тәсілден өзгеше, бірақ математикалық тұрғыдан дұрыс жолмен орындаған жағдайда оның шешімі дұрыс деп қабылданып, тиісті балл қойылады.

Егер тапсырмада тек дұрыс жауапты көрсету талап етілсе, балл дұрыс жауапқа қойылады. Ал оқу мақсаты есепті шығару тәсілін, математикалық модель құруды немесе пайымдау барысын бағалауға бағытталса, білім алушының шешу жолы ескеріледі.

Бақылау тапсырмалары қарапайымнан күрделіге қарай құрастырылады. Олар білім алушының білімді еске түсіруін ғана емес, түсіну, қолдану, талдау және практикалық жағдаяттарда пайдалану дағдыларын бағалауға бағытталады. Функционалдық сауаттылық тапсырмалары математикалық білімді күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін анықтауға мүмкіндік береді.

Бақылау жұмысының нәтижелерін талдау

Бақылау жұмысы тексерілгеннен кейін педагог білім алушылардың нәтижелерін оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері бойынша талдайды.

Нәтижелерді талдау барысында:

- білім алушылар толық меңгерген оқу мақсаттары;
 - қиындық туғызған тапсырмалар мен дағдылар;
 - жиі қайталанған есептеу қателері;
 - есептің шартын түсіну мен талдаудағы қиындықтар;
 - математикалық модель құру және шешу тәсілін таңдаудағы қиындықтар;
- жеке білім алушымен және сыныппен жүргізілетін алдағы жұмыстың бағыттары анықталады.

Нәтижелерді талдау білім алушыларды өзара салыстыру үшін емес, олардың оқу мақсаттарын меңгеру деңгейін анықтау және оқу процесін жетілдіру үшін жүргізіледі.

Қатемен жұмысты ұйымдастыру

Қатемен жұмыс бақылау жұмысы тексерілгеннен кейін ұйымдастырылады. Оның мақсаты – білім алушыға жіберілген қатенің себебін түсінуге, дұрыс шешу тәсілін анықтауға және меңгерілмеген дағдыны жетілдіруге мүмкіндік беру.

Қатемен жұмыс барысында:

- жіберілген қатенің түрі анықталады;
- қате орындалған әрекет талданады;
- тиісті ереже немесе шешу алгоритмі еске түсіріледі;
- тапсырманың дұрыс шешу жолы анықталады;
- осыған ұқсас тапсырма орындалады;
- білім алушы орындалған жұмысты тексеріп, қорытынды жасайды.

Қатемен жұмыс білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай жеке, жұптық немесе топтық түрде жүргізілуі мүмкін. Барлық білім алушыға бірдей тапсырма ұсынудың орнына, жіберілген қателердің сипатына сәйкес сараланған тапсырмалар берген дұрыс.

Қатемен жұмыс нәтижесі аралық бағалау кезінде қойылған балды өзгертуге негіз болмайды. Ол білім алушының оқуындағы қиындықтарды түзету және педагогтің алдағы оқу жұмысын жоспарлау мақсатында пайдаланылады.

МАТЕМАТИКА
2 СЫНЫП І ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: 1А Екітаңбалы сандар

Оқу мақсаттары:

2.1.1.1 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну, 100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау;

2.1.1.2 екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру;

2.1.1.3** екітаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу;

2.5.2.1 екітаңбалы сандардың графикалық моделін құру, разрядтық кестені қолдану.

І НҰСҚА

1-тапсырма. Сандар қатарын толықтыр. (3 балл)

а) 37, 38, __, __, 41.

ә) 64, 63, __, __, 60.

б) 48 санының көршілерін жаз: __, 48, __.

2-тапсырма. Сандарды салыстыр. (3 балл)

47 ○ 74 68 ○ 64 38 ○ 38

3-тапсырма. Санның разрядтық құрамын анықта. (3 балл)

а) 47 санында ____ ондық, ____ бірлік бар.

ә) $63 = ___ + ___$

б) 8 ондық 5 бірліктен тұратын санды жаз: ____

4-тапсырма. Екітаңбалы сандардың графикалық моделін құр. (3 балл)

а) 34 санын ондықтар мен бірліктер арқылы графикалық түрде бейнеле.

ә) Графикалық модельде берілген санды цифрмен жаз.

Ондықтар: ■ ■ ■ ■ ■

Бірліктер: ● ●

б) Кез келген екітаңбалы сан ойлап жаз. Оны ондықтар мен бірліктер арқылы графикалық түрде бейнеле.

ІІ НҰСҚА

1-тапсырма. Сандар қатарын толықтыр. (3 балл)

а) 52, 53, __, __, 56.

ә) 79, 78, __, __, 75.

б) 67 санының көршілерін жаз: __, 67, __.

2-тапсырма. Сандарды салыстыр. (3 балл)

36 ○ 63 78 ○ 73 45 ○ 45

3-тапсырма. Санның разрядтық құрамын анықта. (3 балл)

а) 58 санында ____ ондық, ____ бірлік бар.

ә) $74 = ___ + ___$

б) 6 ондық 9 бірліктен тұратын санды жаз: ____

4-тапсырма. Екітаңбалы сандардың графикалық моделін құр. (3 балл)

а) 43 санын ондықтар мен бірліктер арқылы графикалық түрде бейнеле.

ә) Графикалық модельде берілген санды цифрмен жаз.

Ондықтар: ■ ■ ■ ■ ■ ■

Бірліктер: ●

б) Кез келген екітаңбалы сан ойлап жаз. Оны ондықтар мен бірліктер арқылы графикалық түрде бейнеле.

Бағалау дескрипторлары мен жауаптары

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	I нұсқа жауабы	II нұсқа жауабы	Балл
100 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды, натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды.	1	Сандар қатарын тура толықтырады Сандар қатарын кері толықтырады Санның көршілерін анықтайды	39, 40; 62, 61; 47, 49	54, 55; 77, 76; 66, 68	3
Екітаңбалы сандарды оқиды, жазады және салыстырады.	2	Екітаңбалы сандарды ондық разрядтары бойынша салыстырады Ондықтары бірдей сандарды бірлік разрядтары бойынша салыстырады Тең сандарды анықтайды	$47 < 74$ $68 > 64$ $38 = 38$	$36 < 63$ $78 > 73$ $45 = 45$	3
Екітаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтайды және разрядтық қосылғыштарға жіктейді.	3	Санның разрядтық құрамын анықтайды, Разрядтық қосылғыштарға жіктейді Сан құрады	4 онд., 7 бірл.; $60+3$; 85	5 онд., 8 бірл.; $70+4$; 69	3

Екітаңбалы сандардың графикалық моделін құрады және разрядтық кестені қолданады.	4	Берілген екітаңбалы сандарды ондықтар мен бірліктер арқылы графикалық модельдейді	34	43	3
		Графикалық модель	52	61	
		Графикалық модель бойынша санды анықтап, цифрмен жазады	Өз нұсқасы	Өз нұсқасы	
		Екітаңбалы сан құрастырып, оны ондықтар мен бірліктер арқылы графикалық модельмен бейнелейді			
Барлығы					12

МАТЕМАТИКА
2-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: 1В Сандармен амалдар орындау. Есептер

Оқу мақсаттары:

2.1.2.5** Ондықтан аттап бір таңбалы сандарды ауызша қосу және азайтуды орындау;

2.2.1.6 екі, үш арифметикалық әрекеттері бар, жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәндерін табу және әрекеттердің ретін анықтау;

2.5.1.1 бір әрекетті, екі әрекетті есептерді кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу;

2.1.2.3 Есептеулерді рационалдау үшін қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін / көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін қолдану.

I НҰСҚА

1-тапсырма. Есепте.

$$8 + 7 = \underline{\quad\quad} \quad 13 - 6 = \underline{\quad\quad} \quad 9 + 5 = \underline{\quad\quad}$$

2-тапсырма. Әрекеттер тізбегін сақтай отырып, өрнектердің мәнін тап.

$$18 - 6 + 4 = \underline{\quad\quad} \quad 7 + (12 - 5) = \underline{\quad\quad} \quad 16 - (4 + 3) = \underline{\quad\quad}$$

3-тапсырма. Есепті шығар. Айдоста 12 асық бар, ал Даниярда 5 асық артық. Даниярда неше асық бар?

4-тапсырма. Қосудың ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолданып, ыңғайлы тәсілмен есепте.

$$4 + 7 + 6 =$$

$$3 + 9 + 7 =$$

$$25 + 14 + 5 =$$

II НҰСҚА

1-тапсырма. Есепте.

$$7 + 6 = \underline{\quad\quad} \quad 14 - 8 = \underline{\quad\quad} \quad 8 + 5 = \underline{\quad\quad}$$

2-тапсырма. Әрекеттер тізбегін сақтай отырып, өрнектердің мәнін тап.

$$17 - 5 + 6 = \underline{\quad\quad} \quad 8 + (11 - 6) = \underline{\quad\quad} \quad 18 - (5 + 4) = \underline{\quad\quad}$$

3-тапсырма. Есепті шығар. Айшада 13 моншақ бар, ал Аружанда 4 моншақ артық. Аружанда неше моншақ бар?

4-тапсырма. Қосудың ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолданып, ыңғайлы тәсілмен есепте.

$$3 + 8 + 7 =$$

$$6 + 9 + 4 =$$

$$32 + 16 + 8 =$$

Бағалау дескрипторлары мен жауаптары

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	I нұсқаның жауабы	II нұсқаның жауабы	Балл
Ондықтан аттап бір таңбалы сандарды қосады және азайтады.	1	Ондықтан аттап қосады; Ондықтан аттап азайтады; Ондықтан аттап қосады.	15; 7; 14	13; 6; 13	3
Жақшалы және жақшасыз өрнектерде әрекеттер ретін анықтап, мәнін табады.	2	Жақшасыз өрнектердің мәнін әрекеттер ретімен табады; Жақшалы өрнектердің мәнін әрекеттер ретімен табады.	16; 14; 9	18; 13; 9	3
Есепті кесте, сызба немесе қысқаша жазба түрінде модельдейді.	3	Есепті дұрыс модельдейді; Өрнек құрастырып, есептейді; Жауабын жазады.	Айдоста – 12 а. Даниярда – ?, 5 а. артық $12 + 5 = 17(a.)$ 17 асық	Айшада – 13 м. Аружанда – ?, 4 м. артық $13 + 4 = 17(m.)$ 17 моншақ	3
Есептеулерді рационалдау үшін қосудың қасиеттерін қолданады.	4	Қосылғыштардың орын ауыстырып немесе топтастырып ыңғайлы есептейді; Бірінші өрнектің мәнін табады; Екінші өрнектің мәнін табады; Үшінші өрнектің мәнін табады.	17 (мысалы: $(4 + 6) + 7$) 19 (мысалы: $(3 + 7) + 9$) 44 (мысалы: $(25 + 5) + 14$)	18 (мысалы: $(3 + 7) + 8$) 19 (мысалы: $(6 + 4) + 9$) 56 (мысалы: $(32 + 8) + 16$)	4
Барлығы					12

МАТЕМАТИКА
2-СЫНЫП 1-ТОҚСАН
№3 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: 1С Шамалар және олардың өлшем бірліктері

Оқу мақсаттары:

2.1.3.1 Әр түрлі өлшеуіш құралдардың шкалаларын ажырату және олар бойынша тиісті шама мәндерін анықтау.

2.1.3.3 Ұзындық (см, дм, м), масса (кг, ц), көлем (сыйымдылық) (л), уақыт (сағ, мин, тәул, ай, жыл) шамаларының мәндерін салыстыру және шама мәндеріне қосу/азайту/көбейту/бөлу амалдарын орындау.

2.1.3.4 Ұзындық (см, дм, м), уақыт (сағ, мин, тәул), масса (кг, ц) өлшем бірліктерін олардың арақатынастары негізінде түрлендіру.

I НҰСҚА

1-тапсырма. Өлшеуіш құралдың (термометр / сызғыш / таразы) шкаласы бойынша шаманың мәнін анықтап жаз.

А) Термометр шкаласындағы температура: ____°С.

Б) Мензурка шкаласындағы сұйықтық көлемі: ____ л.

2-тапсырма. Өлшем бірліктерін түрлендір:

$$5 \text{ дм} = \text{____} \text{ см}$$

$$4 \text{ ц} = \text{____} \text{ кг}$$

$$1 \text{ сағ } 20 \text{ мин} = \text{____} \text{ мин}$$

3-тапсырма. Шамалармен амалдар орында:

$$42 \text{ л} + 18 \text{ л} = \text{____}$$

$$1 \text{ м} - 35 \text{ см} = \text{____}$$

4-тапсырма. Шамаларды салыстыр, >, <, = таңбаларын қой:

$$45 \text{ см} * 5 \text{ дм}$$

$$3 \text{ тәул} * 70 \text{ сағ}$$

II НҰСҚА

1-тапсырма. Өлшеуіш құралдың шкаласы бойынша шаманың мәнін анықтап жаз.

А) Сызғыш шкаласындағы кесіндінің ұзындығы: ____ см.

Б) Таразы шкаласындағы жүк массасы: ____ кг.

2-тапсырма. Өлшем бірліктерін түрлендір:

$$7 \text{ м} = \text{____} \text{ дм}$$

$$300 \text{ кг} = \text{____} \text{ ц}$$

$$2 \text{ тәул} = \text{____} \text{ сағ}$$

3-тапсырма. Шамалармен амалдар орында:

$$56 \text{ кг} - 24 \text{ кг} = \underline{\hspace{2cm}}$$

$$2 \text{ сағ} + 45 \text{ мин} = \underline{\hspace{2cm}}$$

4-тапсырма. Шамаларды салыстыр, >, <, = таңбаларын қой:

$$2 \text{ ц} * 200 \text{ кг}$$

$$1 \text{ м} 2 \text{ дм} * 120 \text{ см}$$

Бағалау дескрипторлары, шешімдері мен балдары

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	I нұсқаның жауабы	II нұсқаның жауабы	Балл
Өлшеуіш құралдардың шкалаларын ажыратады және мәндерін анықтайды.	1	Бірінші шкала бойынша мәнді анықтайды; Екінші шкала бойынша мәнді анықтайды.	20 °C (мысал); 5 л (мысал).	6 см (мысал); 4 кг (мысал).	2
Өлшем бірліктерін қатынастары негізінде түрлендіреді.	2	Ұзындық бірліктерін түрлендіреді; Масса бірліктерін түрлендіреді; Уақыт бірліктерін түрлендіреді.	50 см; 400 кг; 80 мин.	70 дм; 3 ц; 48 сағ.	3
Шамалардың мәндеріне қосу және азайту амалдарын орындайды.	3	Бірінші жұп шамамен амал орындайды; Екінші жұп шамамен амал орындайды (алдын ала түрлендіру арқылы).	60 л; 65 см (100 см - 35 см).	32 кг; 125 мин (120 мин + 45 мин).	3
Әр түрлі шамалардың мәндерін салыстырады.	4	• Бірінші шамалар жұбын салыстырады (бірдей бірлікке түрлендіріп); Екінші шамалар жұбын салыстырады.	45 см < 5 дм (45 см < 50 см); 3 тәул > 70 сағ (72 сағ > 70 сағ).	2 ц = 200 кг (200 кг = 200 кг); 1 м 2 дм = 120 см (120 см = 120 см).	4
Жалпы балл					12

МАТЕМАТИКА
3 СЫНЫП І ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: 1А. 1000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту

Оқу мақсаттары:

3.1.1.3 үштаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу;

3.1.2.8 үштаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану;

3.2.1.2 әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу;

3.2.2.1 қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу;

3.4.3.2 өзі таңдаған заңдылық бойынша тізбектер құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу.

I НҰСҚА

1-тапсырма. (3 балл)

а) 572 санын разрядтық қосылғыштарға жікте.

ә) Берілген санды тап: $400 + 30 + 6 = \square$.

б) 805 санында неше жүздік, неше ондық, неше бірлік бар?

2-тапсырма. Баған түрінде есепте: (4 балл)

$346 + 278$ $704 - 286$ $458 + 137$ $830 - 465$

3-тапсырма. . (2 балл)

$a = 6$, $b = 4$ болғанда $240 + a \cdot 5 - b$ өрнегінің мәнін тап

4-тапсырма. (3 балл)

$x < 350$ теңсіздігі берілген.

а) Сан сәулесін сыз.

ә) Теңсіздіктің шешімдер жиынын сан сәулесінде көрсет.

б) Шешімдер жиынынан 5 сан жаз.

5-тапсырма. . (2 балл)

а) Тізбектегі заңдылықтың бұзылған санын тап және дұрысын жаз:

120, 170, 220, 280, 320.

ә) Өзің таңдаған заңдылық бойынша 5 саннан тұратын тізбек құрастыр

II НҰСҚА

1-тапсырма. (3 балл)

а) 684 санын разрядтық қосылғыштарға жікте.

ә) Берілген санды тап: $500 + 20 + 7 = \square$.

б) 930 санында неше жүздік, неше ондық, неше бірлік бар?

2-тапсырма. Баған түрінде есепте: (4 балл)

$$257 + 386 \quad 803 - 475 \quad 369 + 248 \quad 920 - 586$$

3-тапсырма. (2 балл)

$a = 7$, $b = 5$ болғанда $180 + a \cdot 6 - b$ өрнегінің мәнін тап.

4-тапсырма. (3 балл)

$x > 450$ теңсіздігі берілген.

а) Сан сәулесін сыз.

ә) Теңсіздіктің шешімдер жиынын сан сәулесінде көрсет.

б) Шешімдер жиынынан 5 сан жаз.

5-тапсырма. (2 балл)

а) Тізбектегі заңдылықтың бұзылған санын тап және дұрысын жаз:

850, 750, 650, 560, 450.

ә) Өзің таңдаған заңдылық бойынша 5 саннан тұратын тізбек құрастыр

Бағалау дескрипторлары, шешімдері мен балдары

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	I нұсқа жауабы	II нұсқа жауабы	Балл
Үштаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтап, разрядтық қосылғыштарға жіктейді	1	үштаңбалы санды разрядтық қосылғыштарға дұрыс жіктейді	$572 = 500 + 70 + 2$	$684 = 600 + 80 + 4$	1
		разрядтық қосылғыштар бойынша берілген санды табады	436	527	1
		санның жүздік, ондық, бірлік құрамын дұрыс анықтайды	8 жүздік, 0 ондық, 5 бірлік	9 жүздік, 3 ондық, 0 бірлік	1
Үштаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолданады	2	бірінші жазбаша қосу амалының мәнін дұрыс табады	624	643	1
		бірінші жазбаша азайту амалының мәнін дұрыс табады	418	328	1
		екінші жазбаша қосу амалының	595	617	1

		мәнін дұрыс табады			
		екінші жазбаша азайту амалының мәнін дұрыс табады	365	334	1
Әріптердің берілген мәндері бойынша екі әрпі бар өрнектің мәнін табады	3	әріптердің берілген мәндерін өрнекке дұрыс қояды	$240 + 6 \cdot 5 - 4$	$180 + 7 \cdot 6 - 5$	1
		екі әрпі бар өрнектің мәнін дұрыс табады	266	217	1
Қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын анықтайды	4	сан сәулесін дұрыс сызады	сан сәулесі	сан сәулесі	1
		теңсіздіктің шешімдер жиынын сан сәулесінде дұрыс көрсетеді	350-ден солға қарай	450-ден оңға қарай	1
		шешімдер жиынынан 5 дұрыс мән жазады	мыс.: 0, 100, 200, 300, 349	мыс.: 451, 500, 600, 700, 800	1
Берілген заңдылық бойынша тізбек құрастырып, заңдылықтың бұзылуын табады.	5	тізбектегі заңдылықтың бұзылған санын тауып, дұрысын жазады	$280 \rightarrow 270$	$560 \rightarrow 550$	1
		өзі таңдаған заңдылық бойынша 5 саннан тұратын дұрыс тізбек құрастырады	жауап нұсқасы әртүрлі	жауап нұсқасы әртүрлі	1
Барлығы					14

МАТЕМАТИКА
3 СЫНЫП І ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: 1В «Көбейту және бөлу»

Оқу мақсаттары:

3.1.2.2 көбейту және бөлуді орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану; санды 0 санына бөлуге болмайтынын білу;

3.1.3.3** ұзындық (мм,см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/көлем (сыйымдылық) (л)/аудан (см², дм², м²)/өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу / азайту / көбейту / бөлу амалын орындау;

3.4.1.2 сандардың жиындарын, олардың бірігуі мен қиылысуын элементтердің қасиеттері бойынша құру;

3.4.4.1 «мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін жағдайларда қолдану;

3.5.1.1** 2-3 амалмен орындалатын есепті қысқаша жазба түрінде модельдеу.

I НҰСҚА

1. Өрнектердің мәнін тап. (3 балл)

$$1 \cdot 8 = \quad 9 : 9 = \quad 0 \cdot 7 = \quad 6 : 1 = \quad 12 \cdot 0 = \quad 0 : 5 =$$

2. Шамалармен амалдарды орында. (3 балл)

а) $(34 \text{ дм}^2 + 56 \text{ дм}^2) : 3 =$

ә) $57 \text{ см } 12 \text{ мм} - 34 \text{ см } 9 \text{ мм} =$

б) $3 \text{ кг } 250 \text{ г} + 1 \text{ кг } 750 \text{ г} =$

3. Жиындарды құр. Берілген сандар: 2, 47, 16, 8, 17, 32, 6, 53 (2 балл)

А — жұп сандар жиыны. В — екі таңбалы сандар жиыны.

а. Сандарды Эйлер-Венн диаграмасына орналастыр.

ә. Екі жиынның қиылысуын $A \cap B$ түрінде жаз.

4. Мүмкіндіктер тармағын сыз. (2 балл)

Айдоста 2 жейде және 3 шалбар бар. Ол 1 жейде мен 1 шалбарды неше жолмен таңдай алады? Жауабын жаз.

5. Есептің қысқаша шартын құрып, есепті шығар. (4 балл)

Айдана 200 теңгеден 3 бәйшешек және 350 теңгеден 2 раушан гүлін сатып алды. Ол сатушыға 2000 теңге берді. Айдана неше теңге қайтарып алды?

II НҰСҚА

1. Өрнектердің мәнін тап. (3 балл)

$$1 \cdot 9 = \quad 8 : 8 = \quad 0 \cdot 6 = \quad 7 : 1 = \quad 15 \cdot 0 = \quad 0 : 4 =$$

2. Шамалармен амалдарды орында. (3 балл)

- а) $(42 \text{ дм}^2 + 54 \text{ дм}^2) : 3 =$
 ә) $63 \text{ см } 14 \text{ мм} - 45 \text{ см } 8 \text{ мм} =$
 б) $2 \text{ кг } 600 \text{ г} + 1 \text{ кг } 400 \text{ г} =$

3. Жиындарды құр. Берілген сандар: 3, 4, 6, 8, 9, 12, 16 (2 балл)

А — 3-ке бөлінетін сандар жиыны, В — 4-ке бөлінетін сандар жиыны.

а. Сандарды Эйлер-Венн диаграмасына орналастыр.

ә. Екі жиынның қиылысуын $A \cap B$ түрінде жаз.

4. Мүмкіндіктер тармағын сыз. (2 балл)

Аружанда 3 жейде және 2 белдемше бар. Ол 1 жейде мен 1 белдемшені неше жолмен таңдай алады? Жауабын жаз.

5. Есептің қысқаша шартын құрып, есепті шығар. (4 балл)

Арман 150 теңгеден 4 сазан балық және 300 теңгеден 2 шортан балық сатып алды. Ол сатушыға 1500 теңге берді. Арман неше теңге қайтарып алды?

Бағалау дескрипторлары, шешімдері мен балдары

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	I нұсқа жауабы	II нұсқа жауабы	Балл
Есептеулерде 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолданып, шамалармен арифметикалық амалдар орындайды	1	1-ге көбейту және санды өзіне бөлу қасиеттерін дұрыс қолданады	8; 1	9; 1	1
		0-ге көбейту қасиетін дұрыс қолданады	0; 0	0; 0	1
		1-ге және нөлді санға бөлу қасиеттерін дұрыс қолданады	6; 0	7; 0	1
Шамалардың мәндерімен қосу, азайту, көбейту және бөлу амалдарын орындайды.	2	Аудан шамаларымен амалды дұрыс орындайды	30 дм ²	32 дм ²	1
		Ұзындық шамаларымен амалды дұрыс орындайды	23 см 3 мм	18 см 6 мм	1
		Масса шамаларымен амалды дұрыс орындайды	5 кг	4 кг	1
Сандар жиындарының бірігуі мен қиылысуын құрып, «мүмкіндіктер	3	Жиындардың элементтерін тиісті бөліктерге дұрыс орналастырады	A = 2,6,8 B: 47, 17, 53	A = 3,6,9 B = 4,8,16	1
		Екі жиынның қиылысу бөлігін дұрыс анықтайды	$A \cap B = \{16, 32\}$	$A \cap B: 12$	1

тармағын» қолданады;	4	Мүмкіндіктер тармағында барлық таңдау жолдарын көрсетеді	6 жол	6 жол	1
		Таңдау жолдарының санын дұрыс жазады	6	6	1
2–3 амалмен орындалатын есепті қысқаша жазба түрінде модельдейді	5	Есептің қысқаша шартын дұрыс құрады	Бәйшеше к — 200 тг-ден 3 дана; Раушан — 350 тг-ден 2 дана; Берді — 2000 тг; Қайтарды — ? тг	Сазан — 150 тг-ден 4 дана; Шортан — 300 тг-ден 2 дана; Берді — 1500 тг; Қайтарды — ? тг	1
		Есепті шешуге сәйкес өрнек құрады	2000 – (200 · 3 + 350 · 2)	1500 – (150 · 4 + 300 · 2)	1
		Өрнектің мәнін дұрыс табады және өлшем бірлігін жазады	700 тг	300 тг	1
		Есептің жауабын жазады	Жауабы: 700 теңге	Жауабы : 300 теңге	1
Барлығы					14

МАТЕМАТИКА
3 СЫНЫП І ТОҚСАН
№3 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: 1С бөлімі «Кестелік көбейту және бөлу»

Оқу мақсаттары:

3.1.2.4 6, 7, 8, 9 сандарына көбейту, мен бөлу кестесін білу және қолдану;

3.2.1.6 төрт амалды жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібін анықтау және мәнін табу;

3.2.1.7 формуланы шамалар арасындағы өзара қатынасты орнатушы теңдік ретінде түсіну;

3.5.1.2** «бір заттың массасы», «саны», «жалпы масса» және «баға», «саны», «құны» шамаларының өзара тәуелділігіне берілген есептерді талдау және шығару;

3.5.1.5** «бірнеше есе артық/кем» қатынастарына берілген жанама сұрақты есептерді талдау және шығару.

І НҰСҚА

1-тапсырма. Амалдардың орындалу ретін көрсет. Өрнектердің мәнін тап. (4б)

а) $64 - 18 : 3 \cdot 7 + 9$ ә) $(48 + 24) : 8 \cdot 6$

2-тапсырма. Кестеге қарап, формуланы жаз және белгісіз шаманы тап. (2 б.)

Бір жәшіктің массасы	Жәшіктер саны	Жалпы массасы
7 кг	?	42 кг

3-тапсырма. Есепті шығар. (4 балл)

Сыныптағы қайырымдылық шарасына бір дәптердің бағасы **80 теңгеден** болатын **6 дәптер** сатып алынды. Барлық дәптерге неше теңге төленді?

4-тапсырма. Есепті шығар. (4 балл)

Аружан 24 жаңғақ жинады. Бұл Данияр жинағаннан 3 есе артық. Данияр неше жаңғақ жинады?

II нұсқа

1-тапсырма. Амалдардың орындалу ретін көрсет. Өрнектердің мәнін тап. (4б)

а) $72 - 24 : 6 \cdot 8 + 11$ ә) $(45 + 27) : 9 \cdot 7$

2-тапсырма. Кестеге қарап, формуланы жаз және белгісіз шаманы тап. (2 б.)

Бір жәшіктің массасы	Жәшіктер саны	Жалпы массасы
? кг	8	48 кг

3-тапсырма. Есепті шығар. (4 балл)

Оқушылар қайырымдылық шарасында қарттарға көмектесу үшін алма жинады. Бір жәшік алманың массасы 7 кг. Осындай 8 жәшік алма жиналды. Барлық алманың массасы неше килограмм?

4-тапсырма. Есепті шығар. (4 балл)

Үлкен қорапта 28 қарындаш бар. Бұл кіші қораптағыдан 4 есе артық. Кіші қорапта неше қарындаш бар?

Бағалау дескрипторлары, шешімдері мен балдары

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	I нұсқа жауабы	II нұсқа жауабы	Балл
Жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтап, мәнін табады 6, 7, 8, 9 сандарына көбейту және бөлу кестесін қолданады	1	жақшасыз өрнекте амалдардың орындалу ретін дұрыс анықтайды	$\begin{array}{ccccccc} & & \textcircled{3} & & \textcircled{1} & & \\ \textcircled{2} & & \textcircled{4} & & & & \\ 64 - 18 : 3 \cdot & & & & & & \\ 7 + 9 & & & & & & \end{array}$	$\begin{array}{ccccccc} & & \textcircled{3} & & \textcircled{1} & & \\ \textcircled{2} & & \textcircled{4} & & & & \\ 72 - 24 : 6 \cdot 8 & & & & & & \\ + 11 & & & & & & \end{array}$	1
		жақшасыз өрнектің мәнін дұрыс табады	31	51	1
		жақшалы өрнекте амалдардың орындалу ретін дұрыс анықтайды	$\begin{array}{ccccccc} & & \textcircled{1} & & \textcircled{2} & & \\ \textcircled{3} & & & & & & \\ (48 + 24) : 8 & & & & & & \\ \cdot 6 & & & & & & \end{array}$	$\begin{array}{ccccccc} & & \textcircled{1} & & \textcircled{2} & & \\ \textcircled{3} & & & & & & \\ (45 + 27) : 9 \cdot & & & & & & \\ 7 & & & & & & \end{array}$	1
		жақшалы өрнектің мәнін дұрыс табады	54	56	1
Формула арқылы шамалар арасындағы өзара байланысты анықтайды	2	белгісіз шаманы табуға қажетті формуланы дұрыс жазады	$c = Ж.м : m$	$m = Ж.м : c$	1
		формуланы қолданып, белгісіз шаманы дұрыс табады және атауын/өлшем бірлігін жазады	$42 : 7 = 6$ жәшік	$48 : 8 = 6$ кг	1

	3	есептің қысқаша шартын дұрыс құрады	Бағасы — 80 тг Саны — 6 дәптер Құны — ? тг	1 жәшік — 7 кг Саны — 8 жәшік Жалпы масса — ? кг	1
		есепті шешу жолын өрнек түрінде жазады	$80 \cdot 6$	$7 \cdot 8$	1
		өрнектің мәнін дұрыс табады және атауын/өлшем бірлігін жазады	480 тг	56 кг	1
		есептің жауабын дұрыс жазады	Жауабы: 480 теңге.	Жауабы: 56 кг.	1
Шамалар арасындағы тәуелділікке және «бірнеше есе артық/кем» қатынастарына берілген есептерді талдап, шығарады.	4	есептің қысқаша шартын қатынасты көрсететін сызбамен дұрыс құрады	Аружан — 24 жаңғақ, бұл 3 есе артық Данияр — ? жаңғақ	Үлкен қорап — 28 қарындаш, бұл 4 есе артық Кіші қорап — ? қарындаш	1
		жанама есепті орындау амалын дұрыс анықтайды	бөлу	бөлу	1
		өрнектің мәнін дұрыс табады және атауын жазады	$24 : 3 = 8$ жаңғақ	$28 : 4 = 7$ қарындаш	1
		есептің жауабын дұрыс жазады	Жауабы: 8 жаңғақ.	Жауабы: 7 қарындаш.	1
Барлығы					14

МАТЕМАТИКА
4 СЫНЫП І ТОҚСАН
№1 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: 1А «Көптаңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау»

Оқу мақсаттары:

4.1.1.2 көптаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру / сандарды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу;

4.1.2.2 көптаңбалы сандармен арифметикалық амалдарды орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану;

4.1.2.8 көптаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану;

4.1.3.4** ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (мг, г, кг, ц, т)/аудан (мм^2 , см^2 , дм^2 , м^2 , га, а)/ көлем (мм^3 , см^3 , дм^3 , м^3)/уақыт (сек, мин, сағ, тәул) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру;

4.4.3.1** 1 000 000-ға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылықтарын анықтау.

І НҰСҚА

1-тапсырма. Сандарды оқып, тапсырмаларды орында: (3 балл)

а) Берілген санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазыңыз:
 $452\ 806 =$ _____

ә) Санды жүздіктер разрядына дейін дөңгелектеңіз:
 $452\ 806 \approx$ _____

б) Берілген сандарды салыстырыңыз (<, >, = белгілерін қойыңыз):
 $452\ 806$ _____ $452\ 860$ $315\ 400$ _____ $315\ 040$

2-тапсырма. Бағандап орында: (3 балл)

а) $345\ 612 + 183\ 294 =$

ә) $700\ 000 - 243\ 518 =$

3-тапсырма. 0 мен 1-дің қасиеттерін қолданып, есепте. (3 балл)

а) $(546\ 230 - 546\ 230) \times 45\ 128 + 1 \times 85\ 410 =$ _____

ә) $789\ 605 \times (12\ 450 - 12\ 449) - 0 : 34\ 500 =$ _____

б) $(342\ 100 + 0) \times 1 - 342\ 100 =$ _____

4-тапсырма. Шамаларды түрлендір: (4 балл)

а) $8\ \text{км}\ 450\ \text{м} =$ _____ м

ә) $5\ \text{т}\ 3\ \text{ц} =$ _____ кг

б) $4\ \text{га}\ 15\ \text{а} =$ _____ м^2

в) $3\ \text{сағ}\ 25\ \text{мин} =$ _____ мин

5-тапсырма. Заңдылықты анықтап, тізбекті толықтыр. (3 балл)

- а) 120 000, 140 000, 160 000, _____, 200 000, _____
 ә) 850 000, 800 000, 750 000, _____, _____, 600 000
 Заңдылық ережесі:

Барлығы: _____/16 балл

II НҰСҚА

1-тапсырма. Сандарды оқып, тапсырмаларды орында: (3 балл)

- а) Берілген санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазыңыз:
 $637\,409 =$ _____
 ә) Санды жүздіктер разрядына дейін дөңгелектеңіз:
 $637\,409 \approx$ _____

- б) Берілген сандарды салыстырыңыз (<, >, = белгілерін қойыңыз):

$637\,409$ _____ $637\,490$ $524\,300$ _____ $524\,030$

2-тапсырма. Бағандап орында: (3 балл)

- а) $427\,514 + 254\,388$
 ә) $600\,000 - 314\,627$

3-тапсырма. 0 мен 1-дің қасиеттерін қолданып, есепте. (3 балл)

- а) $(678\,410 - 678\,410) \times 32\,450 + 1 \times 94\,320 =$ _____
 ә) $842\,300 \times (15\,890 - 15\,889) - 0 : 56\,100 =$ _____
 б) $(453\,200 + 0) \times 1 - 453\,200 =$ _____

4-тапсырма. Шамаларды түрлендір: (4 балл)

- а) $6\text{ км } 320\text{ м} =$ _____ м
 ә) $7\text{ т } 4\text{ ц} =$ _____ кг
 б) $3\text{ га } 25\text{ а} =$ _____ м²
 в) $4\text{ сағ } 15\text{ мин} =$ _____ мин

5-тапсырма. Заңдылықты анықтап, тізбекті толықтыр. (3 балл)

- а) 210 000, 230 000, 250 000, _____, 290 000, _____
 ә) 950 000, 900 000, 850 000, _____, _____, 700 000
 Заңдылық ережесі:

Барлығы: _____/16 балл

Бағалау дескрипторлары, шешімдері мен балдары

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	I нұсқа	II нұсқа	Балл
Көптаңбалы сандарды оқиды, жазады,	1	- санды разрядтық қосылғыштардың	$452\,806 = 400\,000 + 50\,000 +$	$637\,409 = 600\,000 + 30\,000 + 7\,000 + 400 + 9$	1

разрядтық құрамын анықтайды, салыстырады және дөңгелектейді.		қосындысы түрінде дұрыс жіктейді; - санды берілген разрядқа дейін дұрыс дөңгелектейді; - көптаңбалы сандарды дұрыс салыстырады.	2 000 + 800 + 6	637 409 ≈ 637 400	1
			452 806 ≈ 452 800 б) 452 806 < 452 860 315 400 > 315 040	б) 637 409 < 637 490 524 300 > 524 030	1
Көптаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолданады.	2	- баған түрінде көптаңбалы сандарды дұрыс қосады; - баған түрінде көптаңбалы сандарды дұрыс азайтады (нөл арқылы азайту).	а) 345 612 + 183 294 = 528 906 ә) 700 000 – 243 518 = 456 482 (2 балл - нөлдер арқылы азайту алгоритмін дұрыс қолданғаны үшін)	а) 427 514 + 254 388 = 681 902 ә) 600 000 – 314 627 = 285 373 (2 балл - нөлдер арқылы азайту алгоритмін дұрыс қолданғаны үшін)	1 2
			а) (546 230 – 546 230) × 45 128 + 1 × 85 410 = 0 × 45 128 + 85 410 = 85 410 ә) 789 605 × (12 450 – 12 449) – 0 : 34 500 = 789 605 × 1 – 0 = 789 605 – 0 = 789 605	а) (678 410 – 678 410) × 32 450 + 1 × 94 320 = 0 × 32 450 + 94 320 = 94 320 ә) 842 300 × (15 890 – 15 889) – 0 : 56 100 = 842 300 × 1 – 0 = 842 300 – 0 = 842 300 б) (453 200 + 0) × 1 – 453 200 = 453 200 × 1 – 453 200 =	1 1 1

		- жақша ішіндегі амалдарды орындап, 0 мен 1 қатысқан өрнектердің мәнін табады.	б) $(342\ 100 + 0) \times 1 - 342\ 100 = 342\ 100 \times 1 - 342\ 100 = 342\ 100 - 342\ 100 = 0$	$453\ 200 - 453\ 200 = 0$	
Шамалардың өлшем бірліктерін (ұзындық, масса, аудан, уақыт) олардың арақатысына сүйеніп түрлендіреді.	4	- ұзындық өлшем бірлігін түрлендіреді (км $\rightarrow$ м); - масса өлшем бірлігін түрлендіреді (т, ц $\rightarrow$ кг); - аудан өлшем бірлігін түрлендіреді (га, а $\rightarrow$ м²); - уақыт өлшем бірлігін түрлендіреді (сағ, мин $\rightarrow$ мин).	а) 8 км 450 м = 8 450 м ә) 5 т 3 ц = 5 300 кг б) 4 га 15 а = 41 500 м² (1 га = 10 000 м², 1 а = 100 м²) в) 3 сағ 25 мин = 205 мин (3 $\times$ 60 + 25)	а) 6 км 320 м = 6 320 м ә) 7 т 4 ц = 7 400 кг б) 3 га 25 а = 32 500 м² (1 га = 10 000 м², 1 а = 100 м²) в) 4 сағ 15 мин = 255 мин (4 $\times$ 60 + 15)	1 1 1 1
1 000 000-ға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылықтарын анықтайды және өсу/кему ретін жалғастырады.	5	- өсу ретімен берілген тізбектің заңдылығын анықтап, бос орындарды толтырады; - кему ретімен берілген тізбектің заңдылығын анықтап, бос орындарды толтырады; - сандар тізбегінің заңдылық ережесін тұжырымдайды.	а) 180 000 және 220 000 ә) 700 000 және 650 000 Ережесі: а) Тізбек 20 000-ға артып отырады; ә) Тізбек 50 000-ға кеміп отырады	а) 270 000 және 310 000 ә) 800 000 және 750 000 Ережесі: а) Тізбек 20 000-ға артып отырады; ә) Тізбек 50 000-ға кеміп отырады.	1 1 1
Барлығы					16

МАТЕМАТИКА
(оқыту қазақ тілінде)
4 СЫНЫП І ТОҚСАН
№2 АРАЛЫҚ БАҒАЛАУ (үлгі)

Бөлім: 1В «Біртаңбалы санға көбейту және бөлу»

Оқу мақсаттары:

4.1.2.3 көптаңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдану;

4.1.2.4 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерге сүйеніп, натурал сандарды топтастыру;

4.1.2.6 10, 100, 1000 сандарына қалдықсыз және қалдықпен бөлу;

4.4.1.1 жиындар арасындағы қатынастың (тең, қиылысатын, қиылыспайтын жиындар, ішкі жиын) сипатын анықтай білу.

1 НҰСҚА

1-тапсырма. Тиімді тәсілмен есепте. (3 балл)

а) $250 \times 17 \times 4 =$

ә) $(3400 + 560) + 600 =$

б) $4 \times 230 \times 25 =$

2-тапсырма. Сандарды бөлінгіштік белгілері бойынша топтастыр. (3 балл)

Берілген сандар: 125, 240, 312, 435, 560, 608

а) 2-ге бөлінетін сандар жиыны $A = \{ \underline{\hspace{2cm}} \}$

ә) 5-ке бөлінетін сандар жиыны $B = \{ \underline{\hspace{2cm}} \}$

б) 10-ға бөлінетін сандар жиыны $C = \{ \underline{\hspace{2cm}} \}$

3-тапсырма. 10, 100, 1000-ға қалдықсыз және қалдықпен бөл. (3 балл)

а) $45\,600 : 100 = \underline{\hspace{2cm}}$

ә) $38\,450 : 1000 = \underline{\hspace{2cm}}$ (қалдық $\underline{\hspace{2cm}}$)

б) $72\,345 : 10 = \underline{\hspace{2cm}}$ (қалдық $\underline{\hspace{2cm}}$)

4-тапсырма. Жиындар арасындағы қатынасты анықта. (4 балл)

а) $K = \{2, 4, 6, 8\}$ және $L = \{8, 6, 4, 2\}$

Жауабы: $\underline{\hspace{2cm}}$

ә) $M = \{10, 20, 30, 40\}$ және $N = \{30, 40, 50, 60\}$

Жауабы: $\underline{\hspace{2cm}}$

б) $P = \{\text{Астана, Алматы, Шымкент}\}$ және $Q = \{\text{Лондон, Париж}\}$

Жауабы: _____

в) $X = \{\text{Қазақстан қалалары}\}$ және $Y = \{\text{Астана, Алматы, Ақтөбе, Тараз}\}$

Жауабы: _____

5-тапсырма. Есепті шығар: (3 балл)

Мектеп киім қоймасы үшін 100 м мата сатып алынды. Бір мектеп формасына 3 м мата жұмсалады.

а) Тігіншілер осы матадан неше мектеп формасын тіге алады?

ә) Неше метр мата артылып қалады?

